

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**8-СЫҢЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН  
«ӨЛКЕТАНУ» ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫ**

**ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ЭЛЕКТИВНЫЙ КУРС  
«КРАЕВЕДЕНИЕ» ДЛЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ 8-ГО КЛАССА**

**УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА**

**Нұр-Сұлтан  
2019**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 25 қазандағы № 1 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 1 от 25 октября 2019 года)

**8-сынып білім алушыларына арналған «өлкетану» элективті курсы әзірлеу.** Оқу бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 114 б.

**Элективный курс «Краеведение» для обучающихся 8-го класса.** Учебная программа.- Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 114 с.

Оқу бағдарламасында ұсынымдар берілген.

Жалпы білім беретін мектептердің 8-сынып білім алушыларына арналған «Өлкетану» элективті курсының оқу бағдарламасын әзірлеу бойынша материалдар, оқу процесін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдер, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар курстың базалық мазмұнын ашады.

Ұсынылған жұмыс мектеп мұғалімдеріне «Өлкетану» курсының ұйымдастыру мен сабақ өткізуде көмек көрсетері сөзсіз, сонымен қатар Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін жүзеге асыруға ықпал ете отырып, рухани-адамгершілік міндеттерді де шешуге жағдай жасайды.

Әдістемелік құрал жалпы білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне арналған.

Материалы по разработке учебной программы элективного курса «Краеведение» для обучающихся 8-го класса раскрывают базовое содержание курса, педагогические подходы к организации учебного процесса, требования к уровню подготовки обучающихся.

Представленная работа окажет помощь учителям школы в организации и проведении элективного курса «Краеведение», что позволит решать не только образовательные, но и духовно-нравственные задачи, способствуя реализации концептуальных основ воспитания в общеобразовательных организациях Республики Казахстан.

Методическое пособие адресовано педагогическим работникам общеобразовательных школ.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2019.

© Национальная академия образования  
им. И. Алтынсарина, 2019.

## 1 Жалпы ережелер

Мектептегі өлкетану пәні білім беру мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал болып табылады. Өз өлкесінің бұрынғы және қазіргі өмірін білу, өлкенің жаңаруына тікелей ат салысуымыз үшін қажет, өйткені туған өлке – шегі жоқ әлемнің бір бөлігі. Өлкетану отансүйгіштік сезімді – Отанға деген терең махаббатты тудырады. Мектептегі өлкетану, жалпы өлкетанудың бір бағыты болғандықтан, оқушының адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық, еңбексүйгіштік, тұлғалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Туған өлкенің өткенімен, қазіргі кезімен және жорамалды болашағымен, табиғи, экономикалық, тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктерімен танысу оқушының дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл оқушының өзінің бір нақты ұлт өкілінің қатарына жататындығын түсінуіне және ол үшін мақтаныш сезімінің туындануына көмектеседі [1].

Нормативтік-құқықтық құжаттарға, вариативтілік ұстанымына сай, жалпы білім беретін мектепте білім беру мазмұнының аймақтық компонентін жетілдірудің мақсаты өз өлкесін, елді мекенін, қаласын не ауылын жақсы білетін және сүйетін, оның әдет-ғұрыптарын сыйлайтын, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштерін қорғайтын, көпұлтты Қазақстанның отаншыл азаматын тәрбиелеу [2].

*Өлкетану курсының мақсаты:*

Туған өлкенің табиғатын танып білу, тарих қойнауына үңілу, жас ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, жасөспірімдердің бойында белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру, рухани және патриоттық тәрбие беру.

*Міндеттері:*

- білім алушылардың туған өлке туралы қалыптасқан түсінігін тереңдету;
- туған жердің табиғаты, тарихы, әдебиеті мен мәдениеті, қолөнері туралы білім аясын кеңейту;
- туған өлкенің қазіргі өмірімен танысу және зерттеу;
- өлкенің тарихы мен дамуына үлес қосқан тарихи тұлғалар жайлы түсініктері мен білімдерін қалыптастыру;
- білім алушыларды өлкенің мәдениеті мен салт-дәстүрлерін құрметтеуге және қастерлей білуге тәрбиелеу;
- еліміздің экономикалық дамуына үлес қоса алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру;
- білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын тереңдету;
- практикалық және интеллектуалдық дағды мен шеберлікті қалыптастыру және дамыту;
- болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесу;
- жеке тұлғаның бойында ізденушілік-зерттеушілік қасиетін, экспедициялық жұмыс дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын өлкетану жұмысындағы кешенділікті сақтау: жалпы оқу біліктілігі мен дағдысын,

байқағыштықты, ойлауды, қиялдауды, ғылымдарға деген сүйіспеншілікті, білімдарлықты және мәдени деңгейін, әдеби және пәндік тілді, бірнеше тілді меңгеруді, әр түрлі мамандық иелерімен, өзінен үлкен-кіші адамдармен қарым-қатынас дағдыларына икемделу, өз бетімен өмір сүруге және болашақтағы мамандығына психологиялық тұрғыдан дайындау.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныптарына арналған «Өлкетану» элективті курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

«Өлкетану» элективті курсының оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер оқылатын тақырыптардан тұрады.

«Өлкетану» элективті курсының базалық мазмұны кіріспеден, бөлімдерден және қорытындыдан тұрады, яғни:

Кіріспе.

Туған өлкенің жер бедері және табиғат ресурстары.

Жергілікті жердің ауа райы және климаты.

Өлкенің су ресурстары және оны пайдалану.

Өлкенің топырақ жамылғысы, өсімдіктері мен жануарлар дүниесі.

Өлкенің тарихы және халқы, мәдениеті, әдебиеті, қолөнері.

Өлкенің рухани және мәдени мұралары.

Өлкенің шаруашылығы.

Туризм негіздері

Ерекше қорғалатын аумақтар, нысандар және ескерткіштер.

Қорытындылау.

«Өлкетану» элективті курсының мазмұны туған өлкенің қыр-сырын ашу арқылы жалпы білім беретін «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», Қазақстан тарихы», «География», «Биология», Химия», «Музыка», «Көркем еңбек» және басқа пәндердің мазмұнын логикалық тұрғыдан толықтырады.

Ұсынылып отырған бағдарлама бойынша «Өлкетану» элективті курс ретінде жеке оқытылады.

## 2 Оқу пәнінің базалық мазмұны

### **Кіріспе (1 сағат)**

«Өлкетану» курсы нені оқытады, курстың мақсаты мен міндеттері, білім көздері; туған өлке – Қазақстан картасында (географиялық орны, әкімшілік-аумақтық құрамы); елді мекендердің (әкімшілік, экономикалық, ғылыми, туристік, рекреациялық, мәдени, мәдени-тарихи, рухани орталықтар) маңызы және ерекшеліктері; «туған өлке» ұғымы.

### **Туған өлкенің жер бедері және табиғат ресурстары (сағат)**

жер бедерінің негізгі формалары мен ерекшеліктері; рельеф құрушы негізгі факторлар; жер бедерінің қалыптасуына әсер ететін процестер (ішкі және сыртқы); ағын сулардың, желдердің, адамның әрекеті; жер бедерінің туған өлке халқының өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне тигізетін әсері; апатты табиғи құбылыстар; төтенше жағдайлар кезіндегі сақтық шаралары; туған өлке нысандары атауларының шығу тарихы; туған өлкенің минералды ресурстары және оларды тиімді пайдалану проблемалары; пайдалы қазбалардың таралуы; туған өлкенің табиғат ресурстарын анықтау, тізбесін құру және олардың өлкенің экономикасын дамытудағы үлесі; пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты өлкенің экологиялық проблемалары;

карталарда және жергілікті жерде өлшеу жұмыстары (нивелирмен жұмыс), дөңдердің (төбелердің), қыраттардың, таулардың биіктігін, беткейдің тіктігін анықтау, жер бедерінің әр түрлі формаларының бейнесін жасау («Туған өлкенің жер бедері» макетін, карта-сызба, сызба-нұсқа, жергілікті жер нысандарының шартты белгілерінің жиынтығы жасау).

### **Жергілікті жердің ауа райы және климаты (сағат)**

жергілікті жердің климат қалыптастырушы факторлары; ауа райын бақылау әдістері; ауа райы көрсеткіштерін график түрінде бейнелеу; ауа райы өзгерістерінің жергілікті белгілері; ауа райын болжау; климаттың адамның шаруашылық іс-әрекетіне әсері; қолайлы және қолайсыз климаттық жағдайлар; қолайсыз ауа райы құбылыстары жағдайындағы адамның іс-әрекеті.

### **Өлкенің су ресурстары және оны пайдалану (сағат)**

өлке аумағындағы су нысандарының жіктелуі; атауларының пайда болу тарихын оқып-білу; өлкенің су ресурстарының пайдаланылуы және адам өмірі мен шаруашылықтың дамуындағы маңызы; су экологиясы; оларды қорғау және қалпына келтіру шаралары; сумен байланысты қауіпті құбылыстар (тасқын, топан су, қар көшкіні, сел);

бір су нысанын зерттеу және сипаттау (өзен, көл, бұлақ); олардың шаруашылықта пайдаланылу мүмкіндіктерін болжау.

### **Өлкенің топырақ жамылғысы (сағат)**

туған өлкенің топырақ жамылғысы; өлкенің топырақ үлгілерімен танысу және олардың қасиетін анықтау; топырақтың адам өмірі мен шаруашылық әрекетіндегі маңызы; топырақ құнарлығын сақтау шаралары; ауыл шаруашылығы жұмысшыларымен және мамандарымен кездесулер.

### **Өлкенің өсімдік және жануарлар дүниесі (сағат)**

өлкенің өсімдік және жануарлар дүниесі; өсімдіктер мен жануарлардың ерекше түрлері; өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің адам өміріндегі рөлі; өлкеде өсетін өсімдіктердің пайдалы және емдік қасиеттері; қазақтың ұлттық аңшылық өнері – саяткерлік; Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны;

кеппешөптердің көмегімен жергілікті жердің өсімдіктерін оқып-білу және сипаттау, флористикалық бұрыш ұйымдастыру; туған өлкенің және оған жақын аумақтардың «Қызылкітаптық», эндемикалық өсімдіктері мен жануарлары;

ерекше қорғалатын аумақтар және нысандарға (мүмкіндікке байланысты): қорықтарға, қорықшаларға, ұлттық саябақтарға, табиғат ескерткіштеріне, хайуанаттар бағына, ботаникалық бақтарға, дендрарилерге, орман шаруашылықтарына саяхат жасау;

өлкенің өсімдік және жануарлар дүниесін сақтау шаралары; туған өлкенің табиғат мұражайларына саяхат жасау (аң аулау қоғамдарының, орман шаруашылығының жұмысшыларымен кездесулер).

### **Өлкенің рухани және мәдени мұралары (сағат)**

өлкенің тарихи қалыптасуы; туған өлкенің сакралды географиясы (археологиялық ескерткіштер, ерте замандағы тұрақтар, қалалар, қорғандар, қорымдар); өлкенің тарихи тұлғалары; туған өлкенің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан белгілі тұлғалардың рөлі;

өлкенің мәдени мұралары: қазақ және өлке аумағында өмір сүретін басқа да ұлт өкілдерінің шығармашылығы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ұлттық тағамдары, ұлттық қолөнері;

экскурсиялар

### **Өлкенің шаруашылығы (сағат)**

өлкенің өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындары; өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының жұмысымен танысу (кәсіпорындардың жетекшілерімен және мамандарымен кездесу); место края в экономике страны;

кәсіпорынға экскурсия жасау, техникамен, технологиялармен және технологиялық үдерістермен танысу, әр түрлі мамандық иелерімен танысу; өлкенің дамуына үлес қосқан тұлғалар («Қазақстанның 100 жаңа есімі» және т.б.).

### **Қорытындылау (сағат).**

### 3 Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін, мұғалімнің өзі таңдайтын түрлі әдістер мен құралдар қолданылады. Оқу процесі білім алушылардың белсенді іс-әрекеттерімен сипатталатынын атап өту қажет. Бұл жағдайда мұғалім білім алушылардың танымдық әрекетін ұйымдастырушы болып табылады.

Оқытудағы *құндылықтарға бағытталған тәсіл* – бұл оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәсілі, белгілі бір құндылықтар тарапынан оның нәтижелерін алу және қолдану болып табылады. Құндылықтарға бағытталған оқу процесі білім алушының жеке тұлғалық құндылықтар жүйесін мақсатты түрде қалыптастырады [3].

Құндылықты бағдарлар – бұл тұлғаның нақты құндылықтарды (құндылықтарда бағыт-бағдар табу қабілеті) өз іс-әрекеттерінде бағдар ретінде таңдау қабілеті (қасиеті), сонымен қатар оларды өзінің әлеуметтік түсіну және маңызды құндылықтары ретінде қабылдау қабілеті.

Құндылықтарды жүзеге асыру құндылықтардан туындайтын талаптарға сәйкес және күнделікті өмірдегі осы талаптарға бағыныштылықтан тұрады. Құндылықтардың мәні белгілі бір қоғамның табысты жұмыс істеуі үшін қажетті нормаларды, әдеттерді, өмір сүру салтын, мінез-құлық стилін қалыптастыру саласындағы сауаттылықтан көрініс табады.

Құндылықтар – тұлғалық, нақты нысандар мен құбылыстардың әлеуметтік-мәдени маңыздылығын, жеке тұлғаның қасиеттері мен мінез-құлық тәсілдерін көпшіліктің құптау және бөлісуі. Құндылықтар жеке тұлғаның уәждемесі ретінде, мінез-құлық пен іс-әрекеттерді ынталандырады,

Жалпы орта білім беруде құндылықтар жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген. Жалпы орта білім берудің құндылықтары:

- қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;
- құрметтеу;
- ынтымақтастық;
- еңбек және серіктестік;
- ашықтық;
- өмір бойы білім алу.

Оқытудағы *тұлғаға бағытталған тәсіл* сабақтағы мұғалім мен білім алушының субъект-субъектілі қатынастарды, оқушыға деген демократиялық қатынасты, оның жеке тұлғасына құрметін, білім алушының оңтайлы моральды-этикалық қасиеттерінің, ықтималды мүмкіндіктерін есепке ала отырып таланттарын айтарлықтай ашу мен қалыптасуын білдіреді [3].

*Іс-әрекетке бағытталған тәсіл* білім алушының білімді дайын күйінде емес, өз күшімен, өздігінен алуына бағытталған. Ол өзінің оқу әрекетінің мазмұнын және формаларын ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, бұл оның білім, оқу біліктері мен дағдылары қорының белсенді және ойдағыдай қалыптасуына ықпал етеді.

Білім алушылардың іс-әрекеттері «білу», «түсіну», «қолдану», «талдау», «бағалау», «жинақтау» тәрізді санаттарға топтастырылады.

Іс-әрекетке бағытталған тәсіл оқытудың түрлі дереккөздерін, графикалық деректері мен басқа да ресурстарын өздігінен іздеуді, түсіндіруді, талдауды, қорытындылауды және бағалауды болжайды [3].

*Саралап оқыту тәсілі* оқу процесін білім алушылардың әртүрлі топтарына мамандандырылуын, білім алушылардың жеке қабілеттіліктерін ескеру мақсатында әртүрлі топтарға түрлі жағдайларды жасауды көздейді.

Саралап оқыту тәсілі әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігі, оқу-танымдық қызығушылықтары, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану - сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады [3].

*Оқытудағы коммуникативті тәсіл* дегеніміз – ақпаратты тарату мен жариялауда, білім, білік және дағдылармен алмасуда екіден асатын адамдардың сөйлеу арқылы атқарылатын әрекеттесу процесі. Коммуникативтік тәсілдердің нәтижесі болып тіл арқылы қатынасу қабілеттілігі, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана және қатынас жағдайына сай тиімді қатынас жүріс-тұрысын таңдай отырып, түрлі жағдайларда қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және алмасу қабілеттілігі болып табылады.

Коммуникативті тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқу процесі қатынасу икемділігін қалыптастыратын тапсырмаларды және шынайы қатынас жағдайларына сай жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыстарды) кіріктіру керек [3].

*Зерттеушілік тәсіл:*

– оқу-танымдық процестің барлық кезеңдерінде зерттеу тәсілінің жалпы және жеке әдістерін енгізуді (қабылдаудан іс жүзінде қолдануға дейін);

– сабақ және сабақтан тыс іздеу-шығармашылық әрекетін ұйымдастыруды болжайды.

Зерттеушілік тәсіл «мұғалім – білім алушы» қарым-қатынасы сипатының серіктестік жағына қарай өзгеруіне, сонымен қатар танымдық қызығушылықты тәрбиелеуге, оқыту мен білім беруде жағымды ынтаның пайда болуына, терең, мықты және әрекетті білімнің қалыптасуына жағдай жасайды.

Зерттеушілік тәсілді қолдану тұлғаның бойында интеллектуалды ортаның дамуына, өздігінен білім алу біліктері мен дағдыларының, яғни танымдық белсенді әрекет тәсілдерінің қалыптасуына ықпал етеді [3].

*Құзыреттілік тәсілдің* мақсаты деректердің жиынтығын емес, білім алушылардың күнделікті және қалыпты емес жағдайларда өз мақсаттарын анықтауына, шешім қабылдауына және әрекет жасауына қажетті біліктерді меңгеруі болып табылады.

Құзыреттілік тәсілдің басты міндеті – білім алушыларды бастама көрсетуіне және дербес болуына ынталандыру болып табылады. Ол білім



алушылардың өз қабілеттерін және қызығушылықтарын жүзеге асыра алатын, өздігінен іс-әрекет жасауын ұйымдастыруға ықпал етеді.

Құзыреттілік тәсіл білім алушылардың білім мен білікті бір-бірінен бөлек емес, керісінше кешенді меңгеруін болжайды [3].

*Жүйелілік тәсіл* білім алушылардың өзіндік оқу әрекеттерін ұйымдастыру негізінде қарастырылады, олардың бойында жан-жақты оқу әрекеті жүйесін қалыптастыру және дамыту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ол оқу процесін өздігінен оқу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәртібіндегі процесте ұйымдастырудың мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Жүйелілік тәсіл сонымен қатар, курстың бөлімдерін өзара байланыста зерделеуді болжайды [3].

*Кіріктірілген немесе интегративті тәсіл* барысында оқыту процесі білім алушыларды дамыту үшін іс-әрекеттің бірнеше түрін және түрлі құралдарды біріктіру принципі бойынша құрылады. Кіріктірілген тәсіл дене шынықтыру минуты, қозғалысқа арналған үзіліс, театрландырылған ойындар тәрізді белсенді қозғалыстың көптеген түрлерін қамтиды.

Кіріктірілген тәсіл білім алушылардың сөздік қорының артуына, коммуникативтік біліктерінің дамуына; эстетикалық талғамының, өнер туындыларын түсіну мен бағалау білігінің дамуына ықпал етеді.

Бұл тәсіл психикалық процестерге әсер етуге жағдай жасайды, жүктемелерді жояды және оқу материалын жаңа, неғұрлым тиімді, қолжетімді деңгейде меңгеруге мүмкіндік береді [3].

*Жобалық тәсіл.* Оқу жобасы – білім алушының немесе білім алушылар тобының ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе тәжірибелік проблемаларды шешуге бағытталған оқу танымдық іс-әрекеті. Ортақ мақсатпен, әдістер мен әрекеттердің үйлесімділігімен, проблеманы шешудің кең ауқымдылығымен сипатталады.

Жобалық тәсіл элементтерін қолдану – білім алушы өз алдына проблема қояды және оны шешудің жолдарын өздігінен табады деп болжайды.

Жобалық тәсіл білім алушылардың жас ерекшелігін ескере отырып жүзеге асырылады. Жобалық тәсілді қолдану барысында ұжымдық, топтық жобаларды дайындау бойынша білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру қажет. Жобалық жұмыстар сабақ сағаттарымен ғана шектелмейді, сондықтан сабақтан тыс іс-әрекеттермен кіріктіруі де қарастырылуы тиіс [3].

#### **4 Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойлатын талаптар**

8-сыныптың білім алушылары курсты аяқтағанда:

- туған өлкенің географиялық орнының ерекшеліктерін;
- өлкенің елді мекендерінің статусы мен маңызын;
- географиялық нысандардың атауларын;
- жер бедері ерекшеліктері мен негізі формаларын;
- өлкенің табиғат ресурстарының жиынтығын;
- өлкенің пайдалы қазбаларының негізгі кен орындарын;
- туған өлкенің ауа райы мен климатының ерекшеліктерін;
- ауа райы өзгерістерінің жергілікті белгілерін;
- өлкенің гидрографиялық жүйесін, негізгі су нысандарын;
- өз өлкесінің рекреациялық мүмкіндіктерін;
- топырақтың, өсімдіктердің негізгі түрлерін;
- өлке жануарларының негізгі топтарын;
- өсімдіктер мен жануарлардың ерекше түрлерін;
- өлкенің ерекше қорғалатын аймақтарын;
- маңайдағы археологиялық ескерткіштер мен тарихи орындарды;
- өлкенің орналасу, игерілу және даму процестерін;
- негізгі халықтарды, олардың мәдениетін, салт-дәстүрлерін және қолөнерін;
- өлкенің танымал, құрметті азаматтарын;
- негізгі өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы орындарын;
- экспортқа шығатын өнімдерді;
- төтенше жағдайдағы іс-әрекеттерді білуі тиіс.

«Өлкетану» курсын аяқтағанда:

- түрлі дереккөздерден өлкетануға қатысты ақпаратты өздігінен таба;
- бақылаулар жүргізе;
- Қазақстанның түрлі мазмұндағы географиялық карталарынан өлкенің елді мекендерін таба;
- карта бойынша өлкенің географиялық жағдайы мен географиялық нысандарын талдай;
- өлкенің тау жыныстарын, пайдалы қазбаларын, су, ауа райын және климатын талдай;
- адамның өмірі мен шаруашылық әрекетіне қажетті табиғат жағдайлары мен ресурстарын бағалай;
- өз елді мекенінің ауасын, суын, топырағын ластауыш көздерді анықтай;
- табиғатты үнемді қолдану және қорғау тұрғысынан табиғи жағдайларды бағалай;
- табиғаттың ерекшелігін сипаттау барысында картаның көмегімен өлшеу жұмыстарын орындай;
- топырақ және өсімдік жамылғысын, жануарлар дүниесін сипаттай;

- өз өлкесінің шаруашылығына, маңызы бар жекелеген өнеркәсіп орындарына, олардың өнімдеріне және шаруашылық байланыстарға жалпы сипаттама бере;
- өлкенің тарихын, дамуына әсер еткен негізгі факторларды, қоныстану ерекшеліктерін, халықтың көпұлттылығын себептерін, олардың салт-дәстүрлері мен мәдениетін сипаттай және түсіндіре;
- жергілікті көрікті орындардың негізгі белгілерін анықтай, сипаттай және мүсіндіре;
- елді мекенге қысқаша сипаттама бере;
- экологиялық және басқа да проблемаларды анықтай және сипаттай алуы тиіс.

### **Қолданылған әдебиеттері тізімі**

1. Горбова М.А. Патриотическое воспитание средствами краеведения. М.: «Глобус», 2007. - С. 208, 211-214.
2. Лысенко А.С. Географическое краеведение / А.С. Лысенко. Челябинск: ЮУКИ, 1969; Урал и Приуралье. – М.: Наука, 1968.- 228с
3. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған оқу бағдарламасы (30 пилоттық мектептерде сынақтан өткізу үшін эксперименттік білім беру бағдарламасы). – Астана, 2016. – 38 б.

## Қосымшалар

### А қосымшасы

#### *Экскурсия және оның түрлері*

«Экскурсия» (excursio) латын тілінен аударғанда «серуендеу» деген мағынаны білдіреді.

Экскурсия дегеніміз – табиғат, өнеркәсіп нысандарына, жергілікті жердің назар аударарлық жерлеріне ұжыммен ұйымдасқан саяхат жасау. Мақсаты туған өлке туралы қосымша деректер, материалдар жинақтау арқылы өлкені тереңірек оқу, зерттеу. Бағдарлама бойынша жоспарлы жүргізілген экскурсиялар оқылған материалды тәжірибемен бекіту мақсатын көздейді, ал бағдарламадан тысқары экскурсиялар зерттеушілік сипатқа ие болады. Экскурсияның бірнеше түрлері бар. Олар: тарихи, кәсіптік, табиғи, архитектуралық, әдеби және т.б. Экскурсиялар тақырыптық және кешенді болып бөлінеді, нысанның орналасқан жеріне байланысты жақын және қашық болуы мүмкін. Экскурсия нысаны болып бір оқиғамен байланысты ғимараттар, түрлі құрылыстар, археологиялық ескерткіштер, өнер туындылары саналады. Экскурсия кезінде нысанды көрсету басты орын алады. Нысандарды келесі топтарға бөлуге болады:

1. Өлке өмірінде болған тарихи оқиғалармен, қоғаммен, мемлекеттің дамуымен байланысты орындар.

2. Ғимараттар мен құрылыстар, мемориалды ескерткіштер, белгілі адамдардың өмірі мен қызметіне байланысты орындар: архитектуралық ансамбльдер, қоғамдық-инженерлік құрылыстар, мәдени саланың ғимараттары және т.б.

3. Табиғи нысандар: ормандар, саябақтар, өзендер, көлдер, қорықтар мен қорықшалар.

4. Мемлекеттік және халық мұражайларының сурет экспозициясы, тұрақты және уақытша көрмелер.

5. Археология ескерткіштері: ежелгі тұрақтар, қоныстар, қорғандар, киелі орындар.

6. Өнер ескерткіштері: бейнелеу, қолөнерінің туындылары.

Мазмұны жағынан экскурсиялар шолу және тақырыптық экскурсиялары болып бөлінеді.

Тақырыптық экскурсиялар, келесі топтардан тұрады:

- тарихи;
- тарихи-революциялық;
- әскери-тарихи;
- өндірістік;
- табиғаттанушылық;
- өнертанымдық;
- әдеби;

- сәулет өнері-қала құрылысы.

## **А1 қосымшасы**

### ***Өлкетану жұмысында топографиялық карталарды қолдану***

Өлкетану мақсатында өткізілетін экскурсиялар барысында негізінен топографиялық карталар қолданылады, олардың географиялық картадан айырмашылығы – масштабында. Оларға: 1:25 000 – 1:100 000 масштабына дейінгі карталар жатады.

Топографиялық картада жергілікті жер шартты белгілермен белгіленеді. Топографиялық картаның шартты белгілері – бұл графикалық, әріптік және сандық белгілеудің жүйесі. Олардың көмегімен картада жергілікті жер нысандарының орналасқан орны көрсетіледі және олардың сапалық, сандық сипаттамалары беріледі. Ауданның немесе облыстың картасын (ауылдық жердің планын) қолдана отырып келесі жұмыс түрлерін өткізуге болады:

– картадан өз елді мекенін (жуықтап болсын), ал егер план болса өз көшесін, мектебін табу;

– картадан және планнан қажетті нүктелерді табу: біздің елді мекеннен оңтүстік-шығысқа қарай 18 км жердегі елді мекенді көрсет, елді мекенді ата. Бұл елді мекен несімен әйгілі?

– (атауы) ауылында біздің танымал жерлесіміз дүниеге келген және өмір сүрген. Бұл ауыл бізден қай бағытта және қандай қашықтықта орналасқан?

– әңгіменің ретін мұқият тыңдаңдар: «Біз ауылдан оңтүстік бағытқа қарай шықтық және 10 км жол жүрдік. Одан кейін біз оңтүстік-шығысқа қарай беталдық. Тағы 8 км жол жүрдік. Осы жерден шығысқа қарай 5 км жерде ... бар». Оқушылар нысанды атаулары керек.

– түнде от жалыны А. ауылынан 600 азимутпен, ал Б. ауылынан 2700 азимутпен көрініп тұрды. От қай жерде жағылды және біздің елді мекеннен қандай қашықтықта орналасты?

– біз біздің елді мекеннен 3600 азимут бойынша жүреміз. Бізге жолымызда қандай елді мекендер және тарихи ескерткіштер кездеседі? Осындай тапсырмаларды қаланың планына қарап та құрастыруға болады.

## **А2 қосымшасы**

### ***Көкжиек тұстарын анықтау жолдары***

Түнгі уақытта көкжиек тұстарын Темірқазық жұлдызы арқылы анықтауға болады. Ол әрдайым солтүстікте болады, ал оны Жетіқарақшы жұлдыздар шоғыры арқылы тауып алуға болады. Жетіқарақшының екі шеткі жұлдыздарының (альфа және бета) арасындағы кесіндіні ойша бес рет қосамыз. Анықталған нүкте Ақбозат-Көкбозат жұлдыздар шоғырына жататын Темірқазықты көрсетеді.

Көкжиек тұстарын жергілікті жердегі заттар (белгілер) бойынша анықтау:

– құмырсқа илеуі жақын маңдағы ағаштардан, дің, бұталардан әрдайым оңтүстікке орналасады;

– құмырсқа илеуінің оңтүстік жағы солтүстік жағынан жазықтау болып келеді;

– мүк пен қыналар ағаштарды, тастарды, жоталар мен ертеректе салынған ғимараттарды солтүстік жағынан көмкереді;

– көктем айларында солтүстікпен салыстырғанда оңтүстік еңістегі қар жамылғысы тезірек ериді;

– оңтүстіктегілермен салыстырғанда солтүстіктегі ағаштардың қабығы бұжырлау және күнгірттеу болады;

– православ және протестант шіркеулерінің басы әрқашан шығысқа қаратылады;

– таудың оңтүстік етегіндегі қармен салыстырғанда солтүстігіндегі қар қаттырақ болып келеді [9].

Дереккөз: Ерекешев А., Рихтер А., Бодеев М. Алғашқы әскери дайындық / 12 жылдық мектептің 11-сыныбына арналған байқау оқулығы / Алматы. Мектеп, 2013. – 276-280 б.

### **А3 қосымшасы**

#### ***Бірнеше күндік саяхат***

#### ***Шатырды орналастыруға арналған жерді таңдау ережелері***

Білім алушылар демалысының қызықты түрінің бірі – жаяу саяхат, ол мектеп оқушысын халықтың ұлттық мәдени өмірімен, туған өлкенің табиғатының байлықтарымен, тарихи және табиғи ескерткіштермен таныстырады. Саяхаттың бұл түрі туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелейді, төзімділікке, ұжым құрамында өзін ұстай білуге үйретеді, сондықтан саяхаттардың білім беру-тәрбиелік мәні зор. Өлке аумағына жаяу саяхат жасау уақыты мен қашықтығына қарай бір күндік немесе бірнеше күндік болады.

Бірнеше күндік саяхат барысында, түнде ұйықтауға арналған шатыр болуы шарт. Шатырды орналастыруға арналған жерді таңдау ережелері:

1. Шатырлы лагерьдің орнын орманның маңайынан таңдаңыз, өйткені орманның маңайына қарағанда орманның ішінде және өзеннің жағалауында сары маса көп болады. Сонымен қатар өзеннің маңында таңертең салқын.

2. Шатырды орнатуға жазық немесе дөңесті жерді таңдаңыз, жаңбыр болған жағдайда судың астында қалмайтындай және егер кішкене болсын төбе болатын болса басты сол төбеге қарай жіберіңіз, ұйықтауға ыңғайлы болады.

3. Мүмкіндігінше шатырды көлеңкелі жерге қойған жөн, бұл шатырды қатты қызып кетуден сақтайды.

4. Құмырсқа илеуінің болмауына көңіл аудару қажет, өйткені олар өздері жүретін жолдарын ауыстырмайды да жолындағы шатырды бірден жаулап алуы ықтимал.

5. Шатырды орнатардың алдында алаңқайды бүршіктерден, бұтақтардан тазарту керек, олардың үстінде ұйықтау өте қолайсыз.

6. Егер саяхат жылдың салқын мезгілінде болса, онда шатырдың астына құрғақ жапырақтар немесе шөп салып барып орнатқан жөн, бұл жерден келетін сыздан қорғайды.

7. Шатырды оттан алысырақ, оттың ұшқындары жетпейтін қашықтықта орнату қажет. Шатыр жаққа түтін келмес үшін желдің бағытын анықтап алу керек.

8. Қазықтарды жерге  $45^{\circ}$  бұрышпен қағу керек және қазықтың үштен төрт бөлігі жерге кіруі тиіс.

9. Қоқыс орындарынан, зираттардар, жануарларға арналған молалардан алшақ жерлерді таңдау қажет. аталған орындар мен палаткалы лагерьдің ара қашықтығы кем дегенде 1 км болғаны дұрыс.

10. Палатка орналастырылатын жердің топырағы жаңбырлы ауа райында батпаққа айналатын, желді күні шаң-тозаң жасайтын балшықты, қара топырақты, әк топырақтарға қарағанда, құм-балшықты болғаны дұрыс.

11. Ашық немесе қалың орманды жерге қарағанда, сирек өсімдікті (сирек ағашты) алаңқайды таңдаған жөн. Себебі, сирек ағашты жер жақсы желдетіледі және күн сәулелері жақсы түседі.

12. Сонымен қатар сирек орман ыстықтанда қорғайды. Ауаның оттегімен және су буымен қанығу көзі болып табылады. Күн сәулелері қалың орманның жерін толық қыздыра алмағандықтан, ол жерлер сызды болып келеді және нашар желдетіледі.

Дереккөз: <https://podolskriamo.ru/article/73278/kak-postavit-palatku-i-razvesti-koster-v-dozhd.xl>

#### **А4 қосымшасы**

### ***Саяхатқа қажетті заттар тізімі***

Саяхатқа шығар алдында рюкзакты жинауға қажетті заттардың тізімін құрып алу қажет. Қажетті заттар:

- шатыр. Бұл мәселені саяхатқа шығатын топтың мүшелерімен талқылауға болады, себебі шатырдың көлеміне қарай, шатырды бір немесе бірнеше адам ғана алуы мүмкін, бұндай жағдайда топтың басқа мүшелері басқа да керекті заттарды алады;

- ұйықтауға арналған қап. Ол ауа райына және адамның бойының ұзындығына қарай таңдалуы тиіс;

- су өткізбейтін киім;

- демалысқа тоқтаған кезде аяқты демалдыру үшін киюге болатын қосымша аяқ киім;

- қосымша 1-2 шалбар;

- ауа райы салқындап кету жағдайына жылы свитер;

- қосалқы 1-2 футболка;



- қосалқы шұлықтар;
- ыстық ауа райына арналған жеңіл шалбар немесе шолақ шалбар;
- шомылуға арналған киім;
- сынбайтын, бірақ бір реттік емес ыдыс (қасық, саптыаяқ, тарелке, тамақ пісіруге арналған ыдыс);
- жеке бас гигиенасына арналған құралдар (сабын, сүлгі, тіс щеткасы, тіс пастасы, сулықтар және т.б.);
- жеке қолдануға арналған дәрі қорабы. Топта міндетті түрде қажетті дәрі-дәрмектер жиынтығы және тану құралдары бар жалпы қобдиша болуы тиіс, сонымен қатар күнге күйоден қорғайтын кремнің, жәндіктерге қарсы құралдардың және бинттің бір-екі орамасының болғаны артық болмайды;
- сіріңке, от тұтатқыш,
- Қол шамы, компас:
- азық-түлік (топ мүшелерімен келісіп);
- құжаттар, ақша.

Дереккөз: <https://pohod-lifehack.ru/pravilnaya-sborka-i-ukladka-pohodnogo-ryukzaka/>

## **А5 қосымшасы**

### ***Рюкзакқа зат салу жолдары***

Саяхатқа шығарда білім алушыларды рюкзакқа (жол сөмкесіне) заттарды салу жолымен таныстыру:

- рюкзактың шеттері бос болмауы керек;
- аса қажет болмаса рюкзактың сыртына заттарды жіппен байлап ілмеген жөн;
- ең алдымен ұйықтауға қажет заттар салынады;
- шатырдың қазықтары рюкзактың шеттеріне салынады;
- қалған жерге тамақ салынған қапшықтар салынады, немесе алдымен тамақ пісіретін ыдыс салынып оның ішіне тамақтарды салуға болады;
- содан кейін адамға аса қажет болатын заттар салынады;
- жаңбыр болған жағдайда рюкзак су болып қалмас үшін сыртынан не ішінен су өткізбейтін полиэтилен қағазбен орауға болады;
- рюкзактың қалталарына жолда қажет болып қалатын заттар салынады (жиналмалы пышақ, фонарик т.б.);
- жұмсақ заттарды арқаға қарай, ауыр заттарды сөмкенің түбіне, ірі заттарды жоғары жағына, ал жиі қажет болатын заттарды қалталарға салған дұрыс.

Дереккөз: <https://pohod-lifehack.ru/pravilnaya-sborka-i-ukladka-pohodnogo-ryukzaka/>

*Экскурсия кезіндегі жалпы және қауіпсіздік ережелері*

Экскурсияның алдында табиғатты қорғаудың қарапайым ережелерін сақтау қажеттілігі айтылуы тиіс:

- ағаштар мен талдардың жапырақтарын және бұтақтарын жұлма және сындырма;

- ағаштардың қабығына зақым келтірме. Ағаштардың жарақат алған діңіне ауру тудыратын организмдер кіреді. Жарақат алған үлкен қайың ағашынан бір маусым ішінде 200 л шырын ағып кетуі мүмкін;

- әдемілігіне қызығып өсімдіктерді жұлмау, оларды балтамен, үшкір заттармен шауып-жарақаттамау. Әдемі өсімдіктер табиғатта өсе берсін. Әдемі гүл шоқтарын адам қолымен өсірген гүлдерден жинауға болатынын ұмытпа;

- жеуге жарайтын саңырауқұлақтарды, жидектерді олардың сабағына зақым келтірмей жина. Оларды тамырымен қоса жұлмаңдар;

- жеуге жарамайтын саңырауқұлақтарды да құлатпа. Олардың табиғатқа қажеттігін есіңнен шығарма;

- ормандағы өрмектерін жұлма және өрмекшілерді өлтірме, олар өте пайдалы;

- көбелектерді, араларды, инеліктерді, басқа да жәндіктерді ауламаңдар;

- құмырсқалардың илеуін бұзбаңдар. Құмырсқалар – орманның санитарлары. Олар бір күнде 70 – 100 мың орман зиянкестерін жояды.

- құстардың ұяларына жақындама. Жыртқыш аңдар сенің ізіңмен ұяны іздеп тауып, бұзуы мүмкін. Егер ұяның жанына кездейсоқ бара қалса, оған қолыңды тигібе және бірден кетіп қал. Өйткені құстар – ата-аналар өз ұяларын тастап ұшып кетуі мүмкін. Ұядағы жұмыртқалар мен балапандарға тиіспендер, бұл олардың қаза болуына себепкер болуы мүмкін;

- аңдардың індерін бұзбаңдар.

- шөп пен топырақты басып тастамас үшін, орманда соқпақ жолдармен жүруге тырысыңдар. Басып-жаншылғандықтан өсімдіктер мен жәндіктер жазым болады;

- қоршаған ортаны қажетсіз қатты дауыстармен, музыкамен мазаламау. Өйткені мазасы кеткен аңлар мен құстар өздерінің үйреншікті орындарын тастап кетеді;

- орманда от жақпаңдар;

- су қоймасына қоқыс тастамаңдар;

- жылан кездесе қалса оған тиіспе. Сонда ол сендерге тиіспейді. Жыландар өздері бірінші болып шабуыл жасамайды. Жыландар кесілген ағаштың ескі түбірінде, бұзылған үйлердің үйінділерінде, құздардың шығыңқы жерлерінде күннің көзіне қыздырынып жатқанды жақсы көреді, сондай жерлерден байқап, аяқтарыңның астына қарап жүріңдер. Жорғалап келе жатқан жыланды көрсеңдер жол беріңдер.

- қоршаған ортаға әрқашан қамқорлық жасауға, флора мен фаунаға зиян келтірмеуге тырысындар;

- тамақ қалдықтарын ағаш түбіне жинап қойындар, олар орман аңдары мен құстарға азық болады. Қоқысты (қажетсіз заттарды) қалдырмай алып кету немесе жерге көму қажет. Есте сақтаңдар! Толық шірігенге дейін қағаз қалдығы 2 жыл, қаңылтыр банка – 90 жылдан астам, полиэтилен пакет – 200 жылдан астам, шыны – 1000 жылдан астам уақыт жатады;

- жуынуға, ыдыс жууға арналған құралдарды су қоймасынан 100 метрден кем емес қашықтықта қолдану. Су қоймасына ешқандай затты төкпеу және тастамау;

- шыны ыдыстарды сындырмау, адамдар не орман жануарлары жарақаттануы мүмкін және шыны қалдықтары жазда өрттің шығуына себепші болады;

- тамақ пісіруге арналған отты ағаштан, орманнан 1,5 - 3 м қашықтықта жағу. Егер оттың бұрынғы орны болса, жаңа орын бастамау. От жағатын алаңқайды кепкен бұтақтардан, жапырақтардан тазарту керек және шөп өспейтін тақыр жерді таңдаған дұрыс. Отты аз уақытқа болса да қараусыз қалдыруға болмайды. Үйге кетердің алдында оттың орнына су құю. Тамақ пісіруге арналып жағылған оттан өрт шығу қаупі шыққан жағдайда оттың үстіне үлкен зат (мысалы көрпе) жаба салу керек, содан кейін үстінен су құю керек. Оттан шыққан қара түтінмен демалмауға тырыс. Қою түтін шыққан жағдайда мұрынды және ауызды ылғалды шүберекпен орап алған дұрыс. Отты шетінен бастап ортаға қарай сөндіру керек.

## **А7 қосымшасы**

### ***Экскурсия кезіндегі тәртіп ережелері***

Табиғатты сақтау, қорғау ережелерімен қоса, білім алушылар экскурсия барысындағы тәртіп ережелерін де білулері тиіс:

- экскурсияға қатысушылар жетекшінің алдына шықпай және артта қалып қоймай топпен жүрулері тиіс;

- жүру барысында мүмкіндігінше тиыштықты сақтау – орман дыбыстарын тыңдау қажет;

- мұғалім белгі бергенде бірден тоқтау және тиышталу керек. Аялдамалар болғанда мұғалімді қоршап екі шеңбер жасап тұра қалу және жүруді мұғалімнің рұқсатымен бастау керек;

- жетекшіге сұрақты барынша баяу дауыспен қойған жөн (яғни айқайламай сөйлеу);

- өсімдіктерді жинамай, олардың өзіне тән ерекшеліктерін дәптерге жазып, суретін жазып алуға тырысу керек;

- тапсырмаларды орындау барысында топтар мұғалімнің дауысы естілетін немесе көзге көрінетін қашықтыққа кетулеріне болады;

- орман жануарларын (жәндіктерді, жыландарды, бауырыменжорғаушыларды) аулауға тыйым салынады;

- құстардың ұялырын жыртқыштар тауып алмауы мақсатында, оларды суретке түсірмеу. Ұядағы жұмыртқалар мен балапандарға қол тигізуге тыйым салынады;

- жетекшінің рұқсатынсыз орманның қандай да бір заттарын сувенир ретінде жинауға болмайды.

Орманның ішіне терең енгенге дейін, күн көзінің қай жақта екенін және екі сағаттан кейін қай жақта болатынын анықтап алу қажет. Адасып кетпес үшін, жүрген жолдағы бұлақ, жарқабақ, жол бойында жатқан тас, құлаған ағаш тәрізді айрықша бағыт беретін белгілерді есте сақтау қажет.

Дереккөз: [https://superinf.ru/view\\_article.php?id=208](https://superinf.ru/view_article.php?id=208)

Экскурсия жетекшілері білім алушылардың өмірі мен денсаулығына және қауіпсіздік ережелерінің сақталуына жауапты:

- экскурсияның жетекшісінде саяхатқа арналған дәрі-дәрмек қобдишасының болуы міндетті шарт. Ол алғашқы көмек көрсете білуі тиіс;

- саяхатқа баратын әрбір қатысушы үйінен пластмасса бөтелкеге немесе жорық құтысына (фляжка) құйылған ауыз су алып шығу ұсынылады.

Экскурсия барысында:

- егін даласында, жол жиегінде және жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылық машиналарының жанында аялдама жасауға/демалуға;

- жуылмаған жеміс-жидек, көкөніс жеуге;

- аяқ киімді шешіп, жалаңаяқ жүруге;

- таныс емес жидектерді жеуге;

- арнайы қолғапсыз өсімдіктерді қазып алуға;

- ашық су қоймаларынан су ішуге болмайды.

Демалатын немесе аялдайтын жерлерді аңдар, улы жануарлар шабуыл жасауынан қауіпсіз жерлерді таңдау;

- білім алушыларды улы өсімдіктермен (мендуана, белена, бөрі жөке, сасық саңырауқұлақ) таныстыру;

- қауіпті аңдар және жәндіктермен (жыландар, кене, тас кене т.б.);

- су қоймасын шомылуға жарамдығы жағынан қауіпсіздік тұрғысынан зерттеу;

- суға түсуге арналған орынды анықтау және ол жерді қажетті құтқару құралдарымен жабдықтау;

- құтқару құралдары: тығынды белбеу, құтқару шеңберлері болуы қажет.

Судағы қауіпсіздік ережелері:

- оқушылардың суға түсуін арнайы рұқсат етілген орында және медициналық қызметкердің бақылауымен өткізіледі;

- суға түсудің алдында демалып алу қажет, серуендеп келіп бірден суға түсуге болмайды;

- суға таяз жерінен кіру қажет;

- суда шомылу барысында қозғалыссыз тұруға болмайды;
- суға судың температурасы 17–19 °С төмен емес және ауа температурасы 21–23 °С төмен емес жағдайда ғана рұқсат етілуі тиіс;
- суға түсу уақытының ұзақтығы 15 минуттан аспауы тиіс;
- суға түсу уақыты жергілікті жағдайлар бойынша анықталады және тамақ ішкеннен кейін 2 сағаттан кейін ғана болады;
- шомылуды ұйымдастыруды және оның жүргізілуін бақылауды мұғалім жүзеге асырады. Жауапты тұлға әрдайым жағада болуы тиіс, сонымен қатар білім алушылардың суға кіруін және судан шығуын бақылауға алуы тиіс.
- Түнде;
- мұғалімнің рұқсатынсыз;
- арнайы жабдықтама алған орындарда;
- жауапты адам болмаған жағдайда;
- күн тәртібімен қарастырылмаған уақытта суда шомылуға;
- құтқару құралдарын басқа мақсаттарға қолдануға;
- суға түсуге арналған жерлердегі белгіленген межелерден асып кетуге;
- моторлы, желкенді, ескекті қайықтарға жақын шомылуға;
- суды және жағалауды ластауға, шыны ыдысты, темір банкаларды тастауға;
- киім-кешек жууға;
- секіруге арналмаған орындардан суға секіруге;
- жаныңдағы достарыңды жағадан, суға секіруге арналған мұнарадан суға қарай итеруге тыйым салынады.

## **А8 қосымшасы**

### ***Тақырыптық экскурсиялар***

*Табиттану экскурсиясы* табиғатпен танысу міндетін, яғни тірі табиғат объектілерінің және оларға тән ерекшеліктер туралы жинақталған түрлі түсініктерді дәстүрлі түрде шешеді.

Табиғатты қорғауға және бағытталған *экологиялық экскурсиялар*.

*Ауыл шаруашылық нысандарына жасалатын экскурсиялар* балаларға адамдардың еңбегі туралы көзқарасты меңгеруіне көмектеседі. Бұл егіс даласына жасалатын (жер жырту, егіс егу, егін орағы), шалғын-шабындықтарға (мал бағу, шөп шабу), бау-бақшалараға, жеміс-жидек өсетін жерлерге, жылыжайларға, мал фермаларына, гүлдердің, құстардың, балықтардың көрмесіне және т.б. Бұл нысандарға саяхат жасау арқылы балаларға адамдардың табиғатқа жасайтын әсерін, өсімдіктер мен жануарларды өсіруін және оларға жасайтын қамқорлығын көрсетуге болады. Бұл экскурсиялардың негізгі мақсаты – адамдардың қандай мақсат үшін не істейтіндерін, машиналарды қалай қолданатындарын, адамдардың өз еңбектеріне көзқарастарын, қарым-қатынасын және еңбектерінің нәтижесін көрсету.

*Эстетикалық сипаттағы экскурсиялар* балаға табиғаттың сұлулығын түсінуіне және сезімдерінің мәдениетін дамытуға көмектеседі. Педагогикалық түрлі тәсілдерді қолдана отырып, мұғалім білім алушылардың табиғатпен қарым-қатынас жасаулары арқылы ұмытылмас әсер алуларына ықпал етеді. Сонымен қатар, білім алушыларға адамгершілік және эстетикалық тәрбие берудің мақсаттарын экскурсияның басқа да түрлерін ұйымдастыру барысында шешуге болады.

Сондай-ақ, экскурсиялардың барлық түрлерін қолдану табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін және оны қорғау мен сақтау жауапкершілігін тәрбиелеуге бағытталған.

*Тарихи-әдеби экскурсиялар.* Бұл әдебиет, тарих және қоғамтану бойынша тарихи-әдеби мұражайларға, тарихи орындарға, көркемөнер көрмелеріне, сурет галереясына, кітап қорларына, мұрағаттарға экскурсиялар жасау болып табылады.

*Өлкетану экскурсияларының* мақсаты – туған өлкенің тарихын және табиғатын зерделеу.

Бірден бірнеше пәнді қамтитын экскурсияларды – *кешенді экскурсиялар* дейміз.

*Алдын-ала болған экскурсиялар* жаңа тақырыпты өтер алдында білім алушылардың қажетті білімді жинақтауы мақсатында өткізіледі. Бұл балалардың жаңа тақырыпты қабылдауларына қызығушылығын арттырады және жеңілдетеді.

*Ілеспе экскурсиялар* теориялық материал бойынша білімді ішінара тексеру; сол тақырып бойынша бақылаулар жүргізу; жаңа білімді хабарлау мақсатында өткізіледі, яғни аралас сабақтарға сәйкес келеді.

*Қорытынды экскурсиялар* тақырып немесе курстың бөлімі бойынша жұмысты аяқтайды, сыныпта орындалған материалдар бойынша білімді бекіту және тереңдету мақсатын көздейді.

Источник: <http://aneks.spb.ru/nachalnaia-shkola-okruzhaiushchii-mir/ekskursiia-kak-vid-deiatelnosti-vidy-i-funktcii-ekskursii.html>

## **А9 қосымшасы**

### ***Тақырыптық экскурсиялар***

1. «Көктем тынысы»: көктемнің келгенін, табиғаттағы болып жатқан өзгерістерді бақылау, олардың бәрін бақылау күнделігіне жазып қою, халықтық белгілерді тексеру.

2. «Көктемгі көңіл-күй»: көктемгі күнді сүйсіну, көктемгі ауамен демалу, табиғатпен қарым-қатынас жасаудан эстетикалық рахат алу, табиғаттағы тәртіп ережелерін сақтау дағдыларын бекіту және денсаулықты нығайту. Табиғатта дұрыс демалу дағдыларын қалыптастыру.

3. «Жасыл шуыл»: таңдап алынған табиғат нысанына бақылау жүргізу (өткен экскурсиядан бері қандай өзгерістер болған), нысанды жан-жақты сипаттау дағдысын бекіту;

4. «Жаз қарсаңында»: көктемнің аяқталғанды жаздың басталғандығын дәлелдейтін табиғат құбылыстарын бақылау, гүлдейтін өсімдіктерге, жәндіктер мен құстардың өміріне бақылау жүргізу.

5. «Ата-бабаларымыздан үйренеміз»: адамның табиғатқа жағымды және жағымсыз әсерлерін анықтау, экологиялық мінез-құлық дағдыларын бекіту.

Дереккөз: <https://infourok.ru/material.html?mid=38159>

6. «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» – бұл бағытта жұмыс істеу барысында білім алушылар жерлестерінің, ата-бабаларының ерлік істерімен танысады. Өлкенің тарихында болған әскери жорықтар туралы деректер бар құжаттарды іздестіріп, танысады. Білім алушылар өлкедегі соғыс ардагерлерін қамқорлыққа алады, олармен кездесулер өткізеді. Жерлестерінің ерлік істері туралы альбомдар жасайды.

7. «Біздің шежіреміздің беттері» – бұл бағытта жұмыс істеу барысында білім алушылар, жеке тұлғалардың өмірімен, олардың өлке ғылымының, ауыл шаруашылығының, денсаулық сақтау саласының, мәдениетінің, білім беру саласының дамуына, көркеюіне қосқан үлесімен, өлкенің көпшілікке мәлім емес тарихымен танысады. Мектеп оқушылары өлкенің экономикасындағы нарықтық қарым-қатынасының дамуы, ондағы қиындықтар, жеке кәсіпкерлік саласындағы өзгерістер, болашақ жоспарлар туралы білімдерін өздіктерінен толықтырады.

8. «Шұғылалы жұлдыздар» – бұл бағыт өлкенің белгілі адамдарының өмірімен, олардың ғылым мен техниканың, мәдениеттің, денсаулық сақтау, білім беру, спорт салаларының өркендеуіне қосқан үлестерімен, өлке тарихындағы орнымен танысуға мүмкіндік береді. өлкенің танымал тұлғаларының өмірбаянымен танысу арқылы болашақ мамандықты таңдау жолындағы мүмкіндіктер ашылады.

9. «Табиғат құпияларына саяхат» – бұл бағытта жұмыс істей отырып, оқушылар өздерінің туған өлкесінің табиғат кешенін, табиғат нысандары мен құбылыстарын, ресурстарын, олардың қазіргі жағдайын және оларды тиімді пайдалану жолдарын зерттеу.

10. «Туристік соқпақтар» - бұл бағыт білім алушылардың туризмінің негізін, түрлерін оқиды, туған өлкенің табиғат кешендеріне бір күндік не екі күндік саяхаттар жасау, бұл іс-шара туған өлке табиғатының әсемдігін бақылауға, табиғатты қорғауға және сақтауға бағытталған.

11. «Тарихи ескерткіштері» – бұл бағыттағы жұмыс өлкедегі мәдени, тарихи, табиғи ескерткіштерді зерттеуді қамтиды. Сонымен қатар оқушылар өлкенің халық ауыз әдебиетінің мұраларын (әр түрлі жанрдағы), әр түрлі ұлттардың қолөнер туындыларының үлгілерін жинақтайды.

*Ауа райын болжаудың кейбір белгілері:*

Ауа райын болжаудың халықтық белгілері – халық қорында сақталған және ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ауа райы құбылыстарын меңзейтін түрлі белгілер туралы деректер. Ауа райының түрлі құбылыстары жағдайында адамдарға бағыт-бағдар табу, яғни тек жол жүру кезінде ғана емес, сонымен қатар егінді себу, оны уақытылы жинап алу және басқа жұмыстарды дер кезінде бастау тәрізді мәселерді шешу үшін ауа райының белгілеріне көңіл аудару қажет болды.

Ауа райын болжаудың кейбір белгілері:

Көктемді болжау белгілері:

Бозторғайлар ұшса – жылы, шұбар шымшық – суық болады.

Бұлттар аса биікте қалқыса – жақсы, ашық ауа райына.

Наурыз айында күн күркіресе – суықтар қайтып келеді.

Қаздар аса биікте ұшса – су көп болады.

Қайыңнан шырын көп ақса – жауынды жазға.

Торғайлар құмда шомылса – жаңбырға.

Егер мысық еденде ұйықтаса – жылы болады.

Жазды болжаудың халықтық белгілері:

Жаздың жылы түндері мол жақсы бал жинауды болжайды.

Шегіртке шырылдағаны – жақсы ауа райына, үндемесе – жауын-шашынға.

Көлбақалар ақырын бақылдаса – жауын-шашынға, ал егер саңғырлап бақылдаса – күн ашық және ауа райы қолайлы болады.

Торғайлар суда шомылса – жауын-шашынға.

Көгершіндер сүйкімді гүрлесе – жақсы ауа райына.

Таңертеңгілікте күн күркіресе – кешке жауын болады.

Құстар төмен ұшса – жаңбырға.

Жауын-шашынның алдында құстар қатты шықылықтайды және жер бауырлап ұшады.

Көптеген жағдайда жауын-шашынның алдында гүлдер қауызын жабады.

Күзді болжаудың халықтық белгілері:

Жел неғұрлым қатта соқса – күзде солғұрлым қатқақтар аз болады.

Егер күздің басында қар көп болса – көктем ерте келеді.

Шетеннің жемісі аз болса – күз құрғақ болады.

Шетеннің жемісі көп болса – күз мол жауын-шашынды болады.

Күн ұясына батарда түсі сары немесе қызғылт болғаны жақсы ауа райын болжайды.

Қыркүйектегі күн күркіреу жылы күздің белгісі.

Құстар үйлердің төбесіне отырса – жауын-шашынға.

Күздің соңында сары масалар пайда болса – жұмсақ және жылы қыс болады деп жорамалданады.



Шегіргүл, сарғалдақ, сарыгүл, ақбас жусан, беде тәрізді гүлдер жаздың аяғына дейін гүлдесе күз жылы болады деп күтіледі.

Үй құсы басын қанатының астына тықса – суыққа.

Ағаш жапырақтары кеш түссе – қатал және ұзақ қыс болжанады.

Қарлығаштар төмен ұшса – жауынға.

Қысты болжаудың халықтық белгілері.

Торғайлар қатты шықылықтаса – әдетте боранға.

Қарға тұмсығын қанатының астына тықса – жылы күндер күтіледі.

Қарға суға шомылса – жауын-шашынға.

Орманның үстіндегі аспан көгерсе – жылы күндер күтіледі.

Кешкі шапағат жылдам өтіп кетсе – жылымыққа.

Ағаштар қырауға оранса – боранға.

Суық қыс – жылы көктем.

Жылы қыс – суық жаз.

Қыстыкүні аспан ашық болса – аязға.

Жұлдықтар айқын жарқыраса – аязға.

Мысық еденді тырмаласа – боран болады.

Күзде ағаштың жапырақтары тез түсіп қалса – қыста қар қалың болады.

Дереккөз: <https://otvet.mail.ru/question/75566454>

Будақ бұлттар кешке қарай тарап кетпей, керісінше қалыңдап, көбейсе;

- таңертеңгі және күн батар алдындағы кешкі күн көзінің шапағы қызғылт болса;

- күндізгі және түнгі температураның амплитудасы азайса;

- шық және қырау түспесе;

- кешке қарай жел саябырсымай, керісінше күшейе түссе;

- ауа қысымы төмендесе, бұлар – ауа райы бұзылар алдындағы белгілер;

- Күн көзі және айдың жан-жағындағы шеңберлер – циклонның жақындағанының белгісі, қатты жел тұрып, жауын-шашын болады;

- таң шапағы сары не қызғылт-сары түске боялса ауа райы құрғақ және ашық болады;

- Күннің көзі ұясына отырар кезде қызыл не қою қызыл түсті болса – циклонның жақындағаны, келесі күні қатты жел тұруы ықтимал;

- қолайлы ауа райының белгісі – алтын түсті Күн шапағы;

- Күннің не Айдың шеңбері ұясынан шығар не ұясына отырар кезінде формасын өзгертіп кішкене қисайса (сопақша, бас киімнің, саңырауқұлақтың түріне ұқсаса) немесе қара жолақшалармен бөлшектерге бөлінсе – бұл антициклонды сипаттағы құрғақ ауа райының белгісі;

- егер жұлдыздар мардымсыз жарқырап және жасылқай түске боялса – тұрақты қолайлы ауа райы орнайды;

- егер жұлдыздар жиі-жиі айқын жарқыраса – жауын-шашын түседі деп күтіледі;

- желдің күшінің кенет бәсеңдеуі – жуыр уақытта оның бағытының өзгеруінің белгісі;

- кешке қарай жел күшейсе – ұзаққа созылатын жауын-шашынның және дауылдың жақындағанының белгісі;
- егер дауылды жел кешке не түнге қарай күшін бәсеңдетсе не мүлдем тоқтаса – ауа райының бұзылуы ықтимал;
- жел кешке қарай күшін бәсеңдетпей және күннің көзімен бірге бағытын өзгертсе – циклон мен жауын-шашынның жақындағаны;
- жер жастанған тұман Күннің көзі шыққанға дейін түнде тарап кетсе циклонның жақындағаны;
- Күннің көзі ұясына кіргеннен кейін пайда болған және Күннің көзі шыққаннан кейін тарап кеткен жер үсті тұманы – қолайлы (жақсы) ауа райының белгісі;
- егер пештің мұржасынан шыққан түтін тура көтерілсе қолайлы тұрақты ауа райының белгісі, ал егер ол мұржадан шыққаннан үзіліп-үзіліп желдің бағытымен немесе жер бетіне төселіп ұшса бұл жауын-шашынды, желді қолайсыз ауа райының белгісі;
- табиғаттағы кейбір дыбыстардың жақсы естілуі – жауын-шашынның жақындығының белгісі;
- кешкі қараңғылық қысқа болса – ауа райы жақсы жағына өзгереді деп күтіледі.

***Өлкенің жер бедерін зерттеу жоспары***

1. Жер бетінің жалпы сипаты (төбелі, жазықты, ойлы-қырлы).
2. Өзен аңғарлары, сай-жыралар жиі кездесе ме? Жергілікті жерді аз тілімденген деп санауға бола ма? Өзен аңғарларының жалпы сипаты.
3. Жер бетін жауып жатқан өсімдік түрлері (өсімдіктің ағашты, бұталы және шөптесін түрлерінің құрамын атап көрсету).
4. Өзен жағаларында, сай-жыраларда жер қыртысының кеуіп қалған бөліктері бар ма? Бар болған жағдайда әр қыртыстың қалыңдығын өлшеу, әр горизонттан тау жыныстарының үлгілерін алу.
5. Су айрықтарында қойтастар (жекелеген немесе үйінді түрінде) кездесе ме? Қойтас орындарын картаға белгілеу. Қойтастың үлгісін алу.
6. Жер бетінде төбешіктер кездесе ме? Көкжиек тұстарына қарай олардың бағытын анықтау.
7. Төбешік бетін қандай жыныстар құрайды (құм, балшық т.б.)?
8. Төбе бетін құрайтын жыныстардың үлгілерін жинау. Үлгілерді нөмірлеу және сол нөмірлерді картаға үлгі алынған жерлерге белгілеу.
9. Жекелеген төбелердің пішінімен және планнан олардың орналасуымен танысу. Олардың биіктігін, беткейлерінің құлдығын, көкжиек тұстарына қарай бағыттарын, беткейлеріндегі өсімдік жамылғысының сипатын анықтау.

**Б1 қосымшасы**

***Өлкедегі су қоймасына экскурсия жасаудың жоспары***

- 1) Су қоймасына дейінгі жолдың сызбасын жасау.
- 2) Өзеннің (су қоймасының) пайда болу себептерін анықтау.
- 3) Бұлақ көздері туралы түсінік беру, сонымен қатар су өткізгіш қабат, су өткізбейтін қабат, сулы қабаттар туралы да түсінік беру.
- 4) Бұлақ көзіндегі судың дәмдік сапасына анықтама беру.
- 5) Бұлақтың, өзеннің ағу бағыты мен жылдамдығын анықтау.
- 6) Су шығынын есептеу.
- 7) Су көзінің бастау алатын жерінен оның басқа суға құйылатын (қосылатын) жеріне дейінгі ара қашықтыққа бақылау жүргізу арқылы алап, су айрығы, өзеннің бастауы, сағасы, атырауы, аңғары, жайылымы сияқты ұғымдарды практикалық жолмен түсіндіру.
- 8) Ағын сулардың түбін, арнасын құрайтын жыныстарды анықтау.
- 9) Өзеннің қоректенуіне және жауын-шашын мөлшерінің жер асты суларының қорына тигізетін әсері туралы түсінік беру.

***Өзенге сипаттама беру жоспары***

- 1) Өзеннің атауы, атауының шығу тарихы.
- 2) Бастау алатын жері.
- 3) Қай бағытта ағады?
- 4) Қайда құяды?
- 5) Қандай алапқа жатады?
- 6) Қандай салалары бар және ол салаларды қай жағынан алады?
- 7) Ағынының сипаты қандай?
- 8) Жер бедерінің өзгеруіне тигізетін әсері.
- 9) Қай кезде қатады? Мұз басып жату ұзақтығы.
- 10) Өзен қай кезде ериді?
- 11) Қай кезде тасиды?
- 12) Қоректену түрлері.
- 13) Өзен суының түсі, иісі, мөлдірлігі, температурасы.
- 14) Өзеннің шаруашылық мақсатта қолданылуы.
- 15) Өзен суын қорғау бойынша істеліп жатқан іс-шаралар.
- 16) Өзеннің экологиялық жағдайын, қолданылуы жағдайын жақсарту бойынша оқушылардың ұсыныстары.

***Көлге (бөгенге) сипаттама беру жоспары***

- 1) Көлдің атауы, атауының шығу тарихы.
- 2) Оның пайда болу тарихы (мұғалімнің көмегімен)
- 3) Қанша шаршы метр жерді алып жатыр? (Өлшеу жұмыстарын жүргізуге болады).
- 4) Ағынды көл ме, ағынсыз көл ме?
- 5) Суының температурасы қандай?
- 6) Мектептен қай бағытта орналасқан?
- 7) Мектептен (шамамен) қандай қашықтықта орналасқан?
- 8) Бетін мұз басу уақыты, мұз құрсауында болу ұзақтығы.
- 9) Мұзы қай кезде ериді?
- 10) Жағалау сызығының сипаты.
- 11) Суының түсін, мөлдірлігін анықтау. Суының химиялық құрамын (эктас, метан, көміртекті сутегі) анықтау.
- 12) Бұл су қоймасында, жағалауында өсетін өсімдіктер (өсімдіктердің атауларын анықтау, кеппешөп жасауға өсімдік үлгілерін жинау).
- 13) Оны мекендейтін жәндіктер, жануарлар, құстар (атауларын анықтау).
- 14) Қоректену сипаты (өзен суымен, жауын-шашын суымен, қар суымен).
- 15) Көлдің шаруашылық мақсатта қолданылуы.

16) Көлді қорғау бойынша істеліп жатқан іс-шаралар.

17) Көлдің экологиялық, қолданылуы жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар.

18) Жергілікті тұрғындармен әңгімелесу арқылы көлдің осыдан жиырма бес, елу жыл бұрын қандай болғанын, қандай жылдамдықпен кеуіп келе жатқандығын анықтау.

#### **Б4 қосымшасы**

##### ***Жергілікті жердегі құдықты сипаттау***

1) Құдықтың орналасқан жерін сипаттау, планға құдықты белгілеу.

2) Құдыққа баратын жолдар, елді мекеннен немесе оқушының үйінен құдыққа дейінгі ара қашықтық.

3) Жер бетінен суға дейін неше метр (жуықтап).

4) Құдықтағы су қорын анықтау. Ол үшін жіптің басына темір гайка байлап, құдыққа түсіру керек. Гайка құдықтың түбіне жеткенін сезгенде, қайтадан тартып алып, жіптің су болған жерін өлшейміз. Мысалы, егер жіптің 2,5 м жері суланса, ал құдық кесіндісінің ұзындығы мен ені 1 м болса, онда құдықта шамамен  $2,5 \text{ м}^3$  су бар.  $1 \text{ м}^3$  -та 1000 л су болатынын білеміз, ендеше құдықта 2500 л су қоры бар екенін есептеп шығара аламыз.

5) Судың дәмі, иісі, мөлдірлігі, температурасы және қаттылығы (егер суда сабын көпірмесе, ол су кермек (қатты), ал сабын жақсы көпіретін суды жұмсақ дейміз) қандай? Бұл жұмысты орындау үшін жергілікті жердің планы, шыны ыдыс (банка), гайка мен жіп, сабын керек.

#### **Б5 қосымшасы**

##### ***Ағын судың жылдамдығын анықтау жолдарыдың***

Судың ағу жылдамдығын анықтаудың ең қарапайым түрі: қармақ қалтқысының немесе ағаш қабығының жылдамдығы арқылы анықтауға болады. Ол үшін өзен жағасынан (судың ағу бағытымен) 20 м жерді өлшеп алып екі шетін қадақпен белгілейді, қадақтар судан 5 м жерде қадалуы тиіс. Әр қадақтың жанында бақылаушы оқушы тұрады. Үшінші оқушы (сағаты болуы керек) бірінші қадақтан жоғары қарай тұрып қалтқыны суға түсіреді, қалтқы бірінші қадақ пен екінші қадақтың арасын қанша уақытта өтетінін бақылайды. Осы тәсілмен уақыт үш рет қайталанып тексеріледі, тек бірінші рет қалтқы өзеннің сол жақ жағасынан жіберілсе, екінші рет өзеннің орта тұсынан, үшінші рет оң жақ жағасынан жіберіледі. Уақыттың үш көрсеткіші қосылады, мысалы 3 минут 42 секунд шықты дейік немесе 222 секунд. Қашықтықты уақытқа бөлу арқылы судың жылдамдығын шығады ( $20 : 222 = 0,09$  м немесе секундына 9 см) [7]. Ағын судың өзеннің түбімен үйкелісі нәтижесінде судың жылдамдығы бәсеңдейді. Түбі сазды өзендердің үйкеліс коэффициентін оқушыларға айту

қажет (0,8). Өлшеу арқылы алынған орташа жылдамдықты үйкеліс коэффициентіне көбейту арқылы, өзендегі судың ағу жылдамдығы шығады ( $0,09 \times 0,8 = 0,072$  м/сек).

Өзеннің су шығынын есептеу әдісі: алдымен өзен қимасының ауданын табу керек. Ол үшін өзеннің орташа тереңдігін өзеннің еніне көбейтеді ( $0,9 \times 28 = 25,2$  м<sup>2</sup>). Одан соң, өзен қимасының ауданын өзен суының жылдамдығына көбейту арқылы бір секундтағы куб/м су шығынын есептеледі ( $25,2 \times 0,072 = 1,8$  куб. м).

Өзеннің қимасы арқылы секундына 1,8 куб.м. су ағады делік, әрине бұл сан өте аз болып көрінеді, сол себепті оқушыларға бір минутта, бір сағатта, бір тәулікте қанша су ағып шығатынын есептеу жұмысын тапсыруға болады. Бір минутта  $60 \times 1,8 = 108$  куб. м. Бір сағатта  $60 \times 108 = 6480$  куб. м. Бір тәулікте  $24 \times 6480 = 155\,520$  куб. м. Тапсырманы түрлендіру мақсатында, осынша суды тасымалдау үшін қанша темір жол цистернасы (егер цистернаның сыйымдылығы 50 т. болса) қажет болар еді, осынша су қайдан шығып жатыр, бұл суды қандай мақсаттарда қолдануға болады, қалай үнемдеп жұмсау керек деген сұрақтар қоюға болады.

Өзеннің енін рулеткамен немесе өзеннің үстінен өтетін көпірде адым арқылы өлшеуге болады.

Өзеннің тереңдігін құдықтың тереңдігін өлшеген әдіспен өлшеуге болады, тек өзеннің тереңдігі бірнеше рет әр жерде өлшенеді. Тереңдік көрсеткіштерін қосамыз да өлшеу санына бөлеміз (мысалы,  $2,5 \text{ м} + 1,6 \text{ м} + 0,8 \text{ м} = 4,9 \text{ м}$ ;  $4,9 : 3 = 1,6 \text{ м}$ ), сонда өзеннің орташа тереңдігі шығады.

Судың түсі мен мөлдірлігін анықтау үшін ақ тәрелке (ыдыс) қолданылады, тәрелкені екі шетінен тесіп жіппен байлау керек. Жіптің әр метрі және дециметрі түсті жіппен белгіленеді. Тәрелкені 15-20 см тереңдікке түсіргенде өзен суының түсі қандай, тереңдеген сайын тәрелкенің түсімен салыстырғанда судың түсі қалай өзгертінін және қандай тереңдікте тәрелке мүлдем көрінбей кеткенін бақылауға болады. Жіптегі бөліктер арқылы судың қандай тереңдікке дейін мөлдір екенін анықтауға болады.

## **Б6 қосымшасы**

### ***Қысқы су қоймаларындағы қауіпсіздік ережелері***

Қысқы уақытта өзен-көлдерге бақылау жасау барысында келесі ережелерді (ережелерді дәптерге жазғызып отыру) есте сақтау қажет:

- қатпаған мұз үстіне шықпа;
- мұз үстінде топ болып тұрма;
- мұзы жарылған, шұңқыр жерлерге, мал суаруға арналып жасалған суаттарға жақындама және ішіне үңіліп қарама;
- биік жардан шана, шаңғымен сырғанама;
- мұз үстіне рұқсат етілмеген жерлерден өтпе.

***Топырақты зерттеуге арналған жұмыс жоспары***

1. Топырақ горизонтын белгілеу және олардың қалыңдығын анықтау (қарашірік (гумус) қабаты А және иллювиалды қабат Б. (Иллювиалды қабат – әр түрлі заттардың жинақталуымен және жуылуымен сипатталады).

2. Әр горизонттың түсін анықтау және олардың түсі төменнен жоғары қарай қалай өзгеретінін қадағалау (біркелкі немесе біркелкі емес, мысалы, жолақ немесе дақ сияқты). Мұғалім оқушыларға қара түстің топырақтың құрамындағы шіріндінің, ал қарашіріндінің азаюын горизонт түбіндегі топырақтың түсінің өзгеруін көрсететінін түсіндіруі қажет.

3. Топырақтың тығыздығын анықтау: тығыз, борпылдақ, үгілгіш.

4. Топыраққа тұз қышқылының әлсіз ерітіндісін (10%) құйғанда қайнау тереңдігін анықтау.

5. Ін қазатын жануарлардың (құрттардың, суырдың, көртышқанның, тышқанның т.б.) ізі бар ма екендігін бақылау.

6. Өсімдік тамырларының қандай тереңдікке дейін жететінін анықтау.

7. Қарашіріктің пайыздық мөлшерін анықтау үшін әр горизонттан топырақ үлгілерін алу.

8. Жасалған бақылауларды қорытындылау.

***Топырақтың қышқылдығын анықтау әдістері***

1. Үлескінің бірнеше жерінен топырақ сынамасын алу. Сынаманы полиэтилен пленканың үстінде жақсылап араластыру. Қоспадан кішкене бөлігін алып, тазартылған сумен суландыру. Бұл қоспаға лакмус қағазды салу. Егер қағаз қызыл түске боялса, онда топырақ жоғары қышқылды болғаны, ал егер қызғылт түске боялса топырақ орташа қышқылданған. Төмен (аз) қышқылды топырақ сары түс береді. Көк түске боялса бейтарап (орташа) қышқылды топырақ болғаны. Көкшіл жасыл түске боялса орташа қышқылдыға жуық топырақ.

2. Топырақтың қышқылдығын жергілікті жерде өсетін өсімдіктерге қарап та анықтауға болады. Өйткені табиғи ортада өсетін өсімдіктер өздеріне қажетті қышқылды топырақта жақсы өседі. Мысалы, қышқыл топырақта келесі өсімдіктер өседі: аршагүл, қазанақ, қияқ, аққылтан, сарғалдақ, бөденешөп, дала жалбызы, қырықжапырақ, жолжелкен, майдашөп, ат қымыздығы, дала қырықбуыны. Төмен (аз) қышқылды топырақта: бақша сарықалуені, дала гүлкекіресі, шалғын бедесі, есекқұрт, қалақай, иіссіз түймедақ, алабота, қоңырбас, бидайық өседі. Бейтарап (орташа) қышқылды топырақта: дала шырмауығы, көктемгі жанаргүл, ақ түйежоңышқа, бақша қалуені кездеседі. Сілтілі топырақта: дала қышасы, тегеурінгүл, көкнәр өседі. Жұмыстың бұл түрі

балаларды байқағыштыққа, өлке аумағында өсетін өсімдік түрлерін танып-білуге баулиды.

## Б9 қосымшасы

### *Өсімдіктермен танысуға арналған жұмыстың түрлері*

1. Өсімдіктердің түрлерін, басым түрлерін, атауларын анықтау.
  2. Өлшеуіш құралдардың көмегімен кейбір ағаштардың биіктігін өлшеу.
  3. Зерттеу жұмысы жүргізілетін аумақтағы орманның түрін (қарағайлы, қайыңды, теректі т.б.) және олардың жасын анықтау.
  4. Ағаштардың бейімделгіш қасиетіне көңіл аудару. Мысалы, жарыққа, ылғалға, желден қорғануға байланысты орналасуы.
  5. Кеппешөп әзірлеу үшін шөптесін өсімдіктердің түрлерін, ағаштар мен бұталардың жапырақтарын және жергілікті жерге ғана тән өсімдік түрлерін жинау (қажетті мөлшерде ғана жинауға, өсімдіктерді бостан-босқа жұлмауға үйрету). Жинаған өсімдіктерден жасалған кеппешөптерді биология, география сабақтарында қолдануға болады.
  6. Орманның топырағымен танысу.
  7. Орманның және шалғынның шаруашылық маңызын анықтау.
  8. Діңінің жуандығы әртүрлі ағаштардың көлденең кесіндісін үлкейткіш шыны арқылы бақылап, жылдық сақиналарды табу. Сақиналарды санау арқылы ағаштардың жасын анықтау. Сақиналардың жуандығын (енін) қарау арқылы (кең, тар), әр ағаштың өсуіне ықпал еткен ауа райы жағдайларын түсіндіру. Бұл бақылаулар арқылы келесі қорытындыларды жасауға болады:
    - жылына бір шеңбер түзетіндіктен, жылдық шеңберге қарап, осы белгі арқылы ағаштың жасын анықтау;
    - жылдық сақиналардың өсуінің қарқыны мен еніне түсетін жауын-шашынның мөлшері, ауа температурасы, жарық көп әсер етеді. Егер жылдық шеңбердің ені жуан болса, ол – ауа райы өсімдіктің өсуіне қолайлы жылы, жауын-шашынды жаз болғандығының белгісі. Ал тар сақиналар – ауа райы қолайсыз жылдары пайда болады;
    - жылдық сақинаның (бір сақинаның) ені ағаштың әр жағында бірдей болмауы мүмкін. Оның себептері: ағаштың жарыққа қарағандағы бағытына, діңінің өсу бұрышына, басқа ағаштармен немесе құрылыс ғимараттарымен көршілестігіне байланысты. Бұл ағаштың сақиналары жарық және ылғал жеткілікті жағында жуан болады да, көлеңке жағында жіңішкерек болады;
    - сақиналар арқылы көкжиек тұстарын да анықтауға болады: оңтүстік жағында сақина жуанырақ, ал солтүстік жағында жіңішкерек болады.
- Дереккөз: Жүнісқызы К., Әлімқұлова Р., Жұмағұлова Қ. Биология: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық – Алматы: Атамұра, 2011. - 208 б.



***Кейбір дәрілік өсімдіктердің белгілері***

Инжугүл. Мамыр – маусым айларында гүлдейді. Оның гүлдері иіс су жасау үшін қолданылады. Гүлдерінің спиртте ұсталған тұнбасын жүрек ауруларын емдеуге қолданады.

Қалақай (тікенді, күйдіргіш). Оның мұртшаларында құмырсқа қышқылы болады. Гүлдеу кезінде жиналған қалақайдың жапырағы діңгене (цинга) ауруына қарсы қолданылады, ал қалақайдың шырынын – өкпе ауруларына ем ретінде қолданады.

Түймедақ (дәріханалық). Ол жаз бойы гүлдейді. Иісі күшті болады. Түймедағының гүлді кәрзеңкелерін кептіріп, дәріханаға тапсырады. Оны ауруды басу үшін қолданады.

Түйежоңышқа (дәріханалық). Жаз бойы гүлдейді. Гүлінің жоғарғы жағын іріңдену кезінде теріні жұмсарту үшін қолданады.

Жусан (ащы). Тәбетті ашу үшін, сонымен қатар терінің бөртпе және мысқыл (золотуха) аурулары кезінде ішеді.

Дәрілік өсімдіктер жинау барысында, олардың тамырларын жерде қалдыр. Дәрілік өсімдіктерден өз өлкеңде көп өсетін түрлерін ғана жинауға болады.

***Өсімдіктерді қорғауға байланысты ережелер***

Білім алушылар өсімдіктерді қорғауға байланысты бірнеше ережені, олардың мәнін, табиғатта артық және керексіз заттар болмайтынын білулері керек:

- өзен-көлдердің жағалауында, таудың бөктерінде өсетін ағаштарды сындырма, олар топырақты бекітеді;
- ормандағы тіршілік иелеріне қамқорлықпен қара, олар бізге пайда әкеледі;
- табиғаттағы жеміс-жидекті жинау барысында ағаштар мен бұталарды сындырма, зиян келтірме;
- саңырауқұлақ жинаған кезде оның өсіміне зиян келтірмей, пышақпен кесіп ал;
- жеуге жарамайтын саңырауқұлақтарды жұлма, ол саған керек болмағанымен ормандағы тиіндерге, кірпілерге, құстарға қажет. Шыбынжұт саңырауқұлағының өзі де ағаштарға қажет, ол ағаштардың тамырын қоректендіреді.

*Дәрілік өсімдіктер*

Инжугүл. Мамыр – маусым айларында гүлдейді. Оның гүлдері иіс су жасау үшін қолданылады. Гүлдерінің спиртте ұсталған тұнбасын жүрек ауруларын емдеуге қолданады.

Қалақай (тікенді, күйдіргіш). Оның мұртшаларында құмырсқа қышқылы болады. Гүлдеу кезінде жиналған қалақайдың жапырағы діңгене (цинга) ауруына қарсы қолданылады, ал қалақайдың шырынын – өкпе ауруларына ем ретінде қолданады.

Түймедақ (дәріханалық). Ол жаз бойы гүлдейді. Иісі күшті болады. Түймедағының гүлді кәрзеңкелерін кептіріп, дәріханаға тапсырады. Оны ауруды басу үшін қолданады.

Түйежоңышқа (дәріханалық). Жаз бойы гүлдейді. Гүлінің жоғарғы жағын іріңдену кезінде теріні жұмсарту үшін қолданады.

Жусан (ащы). Тәбетті ашу үшін, сонымен қатар терінің бөртпе және мысқыл (золотуха) аурулары кезінде ішеді.

Дәрілік өсімдіктер жинау барысында, олардың тамырларын жерде қалдыр. Дәрілік өсімдіктерден өз өлкеңде көп өсетін түрлерін ғана жинауға болады.

**Глоссарий**

Ауа райы – атмосфераның жергілікті жердегі белгілі бір уақытта немесе уақыт аралығында (тәулік, ай) байқалатын құбылмалы жағдайы. Ол көбіне атмосфераның төменгі тропосфера қабатының күйімен сипаттайды.

Ауа райын бақылау болжау – адамның күнделікті тұрмысы мен шаруашылық әрекеті үшін қажет.

Әдебиет – (араб.: асыл сөз) – сөз өнері, әлеуметтік мәні бар шығармалар жиынтығы.

Бұлақ (көз, бастау, қайнар) – жер асты суларының жер бетіне (кейде су астына) өздігінен шоғырлана шығатын жері.

Географиялық орны – географиялық объектінің жер бетіне өзара қатынастағы өзге де объектілерге қарағандағы орны; объектінің табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайлары және оның шектелген орналасу ерекшеліктері туралы түсінік беретін маңызды сипаттамасы.

Елді мекен – адамдардың тұрақты қонысы. Ол үй-жайлардың, кәсіпорындардың, әлеуметтік мекемелер мен ұйымдардың ғимараттар жиынтығынан тұрады және өзіне тән география атауы (топонимі) болады.

Ерекше қорғалатын аумақтар – биосфера қабатындағы экожүйелерді сақтау және қорғау мақсатында ұйымдастырылған аумақтар.

Жануарлар – тірі организмдер әлеміндегі жүруге және сезінуге бейім, органикалық қосылыстармен қоректенетін тіршілік иесі.

Жер бедері – рельеф (фр. *relief*, лат. *Relero* – көтеремін деген сөзінен шыққан) – жер бетіндегі құрлықтардың, мұхиттар мен теңіздер түбінің тілімденген пішіндерінің жиынтығы.

Климат – белгілі бір жердегі ауа райының көп жылдық режимі, яғни ауа райы жиынтығының бір ізбен өзгеріп отыруы.

Көл – теңізбен тікелей қосылмайтын құрлықтағы суға толы ойыстар.

Қар көшкіні – таудың шыңдары мен беткейлерінен төмен қарай құлаған қар массалары. Қардың құлауының себебі тау беткейлерінің қарға толып кетуінен, қар басқан алаңдардың температуралық қысылуынан қар қайтадан кристалданғанда, қар қабатының ішінде қиыршық горизонттың пайда болуынан туады.

Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттеу.

Тарих – (көне грек. *ιστορία* м – сұрастыру, зерттеу) – адамзат баласының өткенін зерттейтін қоғамдық ғылым.

Табиғат ресурстары — табиғат элементтері, барлық табиғи шарттар жиынтығының бір бөлігі және қоғам мен қоғамдық өндірістің әртүрлі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін өндірістік күштердің берілген даму

деңгейінде пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін табиғи ортаның маңызды құрамдас бөлшектері.

Топоним – Жер бетіндегі табиғи нысаналардың жалқы атауы (мұхит, өзен, көл, тау, т.б.), сондай-ақ Жердегі адам жасаған, нақты бір аймақта тіркелген нысана атауы (қала, ауыл және түрлі елді мекен түрлері, коммуникация жолдары, т.б.).

Географиялық нысаналар – орналасу нүктесінің нақтылығымен сипатталатын, қазіргі кезеңде бар немесе бұрын болған, тұрақтанған Жердің тұтас құрылымдары құрлықтар, мұхиттар, теңіздер, аралдар, бұғаздар, тау, өзен, мұздықтар, шөл далалар мен өзге де көптеген табиғи нысаналар, сондай-ақ республикалар, өлке, қала және өзге елді мекендердің түрі, аудандар, теміржол бекеттері және т.б. осы сынды нысаналар. Географиялық нысана атаулары – географиялық нысаналарға беріледі және оларды бірінен-бірін айыру, тану үшін қызмет етеді. Терминдік мағынасы жағына топоним терминіне синонимдес болып келеді.

Гидроним – топонимнің түрі, су объектілерінің атаулары;

Ороним – топонимнің түрі, таудың, қыраттың, шоқының атаулары;  
Ойконим - топонимнің түрі, елді мекендердің (ауыл, кент, қала) атаулары;

Дереккөз: Ж50 Жер-су атауларының анықтамалығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.- 568 бет

## **Г қосымшасы**

### ***Қазақстан Республикасындағы өлкетану жұмыстарының нормативтік құқықтық базасы***

Тұжырымдамалық негіздердің нормативтік-құқықтық базасы:

– «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

– «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

– «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

– «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

– «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

– «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

– Қазақстан халқы Ассамблеясын дамыту тұжырымдамасы (2020 жылға дейін);

– «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының туристік саласын 2023 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.

Тұжырымдамалық негіздердің негізіне:

– «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» және «Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтары алынды.

## **Г1 қосымшасы**

### ***Өлкетану субъектілері***

Өлкетану қызметінің субъектілері ретінде төмендегідей жеке және заңды тұлғалар анықталды:

– ғылыми-зерттеу мекемелері;

– республикалық және жергілікті атқару органдары, облыстық және аудандық мекемелер, ведомствоаралық топтар;

– барлық деңгейдегі және жекеменшік түріндегі білім беру ұйымдары;

– мәдениет, туризм және спорт ұйымдары мен мекемелері;

– үкіметтік емес ұйымдар;

– шығармашылық және авторлық ұжымдар;

– жеке зерттеушілер;

– тақырыптық өлкетану іс-әрекеттері және т.б.

Өлкетану мазмұнын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін оның субъектілері білетін, мекеме мен ұйым қызметінің бағасына «өлкетану қызметі» индикаторын қосу ұсынылады.

Өлкетану іс-әрекетін жүргізетін, мәдени мұраны сақтайтын және қорғайтын мекемелер:

- мемлекеттік, облыстық, аудандық мұрағаттар және олардың қорлары;
- музейлер (мемлекеттік, ұлттық, мемориалдық, өлкелік, бейнелеу өнері және т.б.), музейлер қоры;
- кітапханалар (республикалық, ұлттық, облыстық, аудандық);
- көрмелер.

## **Г2 қосымшасы**

### ***Өлкетану нысандары***

Әкімшілік, табиғи-географиялық және тарихи-географиялық белгілермен шектелген адамның өмір сүретін орны өлке өлкетанудың жергілікті (әкімшілік, географиялық, мәдени-тарихи) нысаны болып табылады. «Өлке» деген ұғым көп компонентті болғанына қарай, жеке нысандарға жататындар:

- тарих және демография (этнография, урбанистика, топонимика және т.б.);
- тіл және әдебиеті (ономастика, фольклор, әдеби шығармалар);
- мәдениет пен өнер (музыка, халық өнері, сәулет өнері);
- экономика және шаруашылық (аймақтық және салалық өнеркәсіп);
- табиғат және оның барлық компоненттері (геология, рельеф, жер қойнауының байлығы, топырақ, климат, су қоймалары, өсімдік, жаунуарлар дүниесі).

Өлкетану қызметі келесі формаларда жүзеге асырылады:

- өлкетану субъектілерінің ғылыми-зерттушілік, әдістемелік, жобалық және шығармашылық қызметі;
- жұртшылықпен байланыс, насихат пен жарнама, бұқаралық ақпарат құралдарындағы басылымдар және алға басуы;
- тарихи мұраларды зерделеу және мәдени ескерткіштерді қорғау;
- музей ісі және мұрағаттық іс;
- туризм және спорт;
- тақырыптық өлкетану қозғалыстары.

Әртүрлі ұйымдастыру формаларында балалар туризмі мен өлкетануды дамыту, өскелең ұрпақты өлкетану қызметіне тарту көптеген елдердің экономика секторының аса маңызды болып келе жатқан жалпы туристік индустрияның болашағын кеңейтуге және жетілдіруге қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, халықаралық және ішкі туризм байланыстар мен серіктестікті дамытуға көмектеседі. Халықаралық туризм бүкіл әлемде бейбітшілікті нығайтуға және халықаралық жағдайды жақсартуға жағдай жасайды. Ішкі туризм ұлттық патриотизмді дамытуға және жалпыазаматтық бірегейлікті қалыптастыруға жақсы әсер етеді.

## **Г3 қосымшасы**

### ***Өлкетанудың негізгі дереккөздері***

– ауызша деректер (тарихи аңыздар мен әбсаналар, шежіре, қарися сөз, ескі сөз, эпостар, ертегілер, тарихи өлеңдер, халық ауыз әдебиеті, халық мақалдары мен мәтелдері және т.б.);

– тарихи-генеологиялық деректер (қазақтар шежіресі, қазақ рулары мен тайпаларының генеологиясы және олардың пайда болуымен байланысты тарихтар, ұлттың маңызды құндылығы ретінде тегінің, ата-баларының, отбасының тарихы, салт-дәстүрлері);

– бақылаулар (этнографиялық, фольклорлық, шаруашылық циклі, метеорологиялық, табиғат нысандарын, процестерін, жануарлар мен өсімдік әлемін және т.б. бақылау);

– артефактар (мәдениет бұйымдары, құрылыс іздері, ежелгі адамдардың тұрақтары, шаруашылық құралдары, тас, қола және темір бұйымдар, еңбек құралдары, қару-жарақ, керамика, зергерлік бұйымдар, белгілер және басқалар);

– өлкетанулық библиография және баспа басылымдары (жол көрсеткіш, энциклопедиялар, анықтамалықтар, бағдарламалар, оқулықтар, тарихи жазба дереккөздер, карталар, журналдар, газеттер және т.б.);

– тарих және мәдениет ескерткіштері (ғылыми, тарихи, көркем, әдеби, мәдени, мемлекеттік, ұлттық маңызы және құндылығы бар қоғамның және мемлекеттің дамуымен, өлке өмірінің тарихи оқиғаларымен, адамдардың әлеуметтік және рухани іс-әрекеттерімен байланысты шығармалар);

– әдеби дереккөздер (қазақ жазушыларының, ақындарының, әдебиетшілерінің, романшылары мен публицистерінің әдеби шығармалары);

– картографиялық деректер (атластар, мәтіндік, кестелер, сандық, графикалық, фотосуретті, аэротүсірілімдер және басқалар);

– статистикалық деректер (әкімшілік, ауыл шаруашылықтық, экономикалық, өнеркәсіптік, кәсіби, саудалық, әлеуметтік, мәдени, демографиялық, әскери, білім беру және басқалар).

### **ГЗ қосымшасы**

#### ***Қазақстан өлкетануының этнопедагогикалық негіздері – «Қасиетті Жер-Су»***

Қазақстан аумағында қоғамдық сананың бір түрі ретінде өлкетану тарихы ежелден, неолит және қола дәуірінің петроглифтерінен бастап қалыптасқан. «Аң стиліндегі» өнерде бейнеленген сақ-ғұн мәдени ескерткіштері ежелгі дүниетанудың жаңғырықтарын жеткізеді. Оларда қоршаған орта – ежелгі Қазақстанның табиғи нысандары, флорасы мен фаунасы туралы құнды ұғымдар бейнеленген.

Бұдан әрі, өлкетану дәстүрінің сабақтастығы Қазақстан тарихының түрлі кезеңдерінде жалғасады: түрік, қараханид, алтын орда – Қазақ хандығының «Ұлы Дала Елі» дәуірлері мен кезеңдері. Түріктің Күлтегін, Тоныкөк және Білге қаған жазба ескерткіштерінде түрік өркениетінің – «Қасиетті Жер-Су, Ұмай Ана», «Ергенекон», «Мәңгілік Ел» базалық идеологемасы берілген. Осы

кезеңде көшпелі шаруашылықтың, отырықшы-егіншіліктің, қала мәдениетінің тіршілік қарекеті жүйесінің ареалы қалыптасты.

Түріктің «Оғуз-нама», «Қоқыт ата кітаптары» эпикалық ескерткіштері ежелгі эпонимдер мен топонимикалық кешендерден тұрады. Әбу-Насыр Әл-Фарабидің, Жүсіп Баласағұнның және Махмуд Қашғаридың еңбектері «Туған жер», «Атажұрт», «Атамекен», «Отан» сияқты және ерте түркілік топонимикалық атаулары маңызды идеялық-теориялық және өлкетану категориялары, сондай-ақ ертедегі түріктің топонимикалық атаулары көрініс табатын тарихи-философиялық танымның даму кезеңі болып табылады.

«Диуани лұғат ат-түрік» өлкетануды түріктің тарихи ландшафты – түрік халықтары мен тілдері әлемінің картасын ғылыми тұрғыдан түсіндірудің алғашқы түрі ретінде белгілі болды. Түрік пантеондары - Арыстанбап, Қожа Ахмет Йассауи және басқа да сакральды ескерткіштер – Ұлы Дала Елі өлкетануының құнды тарихи-мәдени мұрасы. «Мәдени маңыздылығы тұрғысынан біздің Түркістан немесе Алтай - ұлттық немесе құрлықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар».

Бұнда: «VI-VII ғасырлар - ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрлығында ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болған... Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі. V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді. X ғасырдан XX ғасыр аралығында 900 жылға жуық Қазақстан аумағында араб графикасы қолданылып келгені» аталынып өткен.

Танымал ортағасырлық тарихшылар Рашид-ад-дин мен Әбілғазы Баһадүр хан түрік генеалогиясының энциклопедиясын жасады. Асан Қайғы туралы тарихи аңыз-әңгімелерде тарихи-мәдени қорық аумағы – елдің сарқылмас қоры ретінде «Құтты Қоныс-Жерұйық» идеясы бейнеленген. Қадырғали Жалаирдың еңбегінде «Алаш мыңы» қазақ тайпалар одағының аумағы айтылған, ал Мұхамед Хайдар Дулатидің шығармасында қазақ мемлекеттігі – Қазақ Хандығын құрудағы қасиетті орын боп аталып өтеді.

Қазақ хандығында Отанды – қазақ билері, батырлары мен хандарының өсиет сөздерінде айтылатын қазақтың қасиетті жерлерін қорғау дәстүрі жалғасқан. Қоғамдық сана және дүниетаным түріндегі өлкетануда, ономастикалық дәстүрлер мен фольклорлық мұраларда мыңжылдық тарихы бар қазақ тілінің бай лексикасы жатыр. Қазақ халқының бай тарихи жырлары қорында тарихи-өлкетану дереккөздерінің ауқымы сақталған. Мемлекет пен аумақтың тұтастығы идеясы Алаш идеясы мен қозғалыстарында және олардың ізін жалғастырушылар – А. Ермеков, С. Сәдуақасов, Б.Момышұлы, Ж.Ташеновтерде және т.б..

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті



жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл - рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі» деп атап өтілді).

Қазақстан – бай рухани тарихы, кең байтақ жері бар ел. Бірақ халықтың осы бір рухани географиялық белдеуде ешқашан байланысы үзілмеген. Бүкіл тарихында қасиетті жерлердің мәдениеті мен рухани мұралары: ескерткіштер, ғимараттар, құрылыстардың маңызды көзқарас тұрғысынан желісі құрылған. Қазақстан үшін бұл аса маңызды. Ұлттық санада Ұлытау айналасындағы ескерткіштердің біріккен кешені мен Қожа Ахмет Яссауи кесенесін, Тараздың ежелгі ескерткіштері мен Бекет-Ата мазарын, Шығыс Қазақстанның ежелгі кешендері мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыру маңызды. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің, белгілі бір құндылықтарының, мәдени символдарының, өзіндік дара ұлттық символикасының мызғымас негізін құрайды.

Қазіргі Қазақстанның өлкетануы тарихи ата қонысты – Алтай-Ертіс, Жетісу, Сарыарқа, Маңғыстау, Сыр, Еділ-Жайықтың қасиетті аумақтарын қамтиды.

XX ғасырда өлкетанушылық зерттеулердің дереккөз, әдіснамалық және әдістемелік базасы күшейтілген еді.

Қазақстанның қазіргі замандағы өлкетануын дамытуда қолда бар этнопедагогикалық және тарихи тәжірибелерге сүйену, мәдени-идеологиялық және рухани сабақтастықты сақтау негізгі басымдық болып табылады.

#### **Г4 қосымшасы**

##### ***Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар қасиетті орындары***

Маңызды рухани, саяси, тарихи және мәдени оқиғалармен байланысты Қазақстанның ерекше құрметтелетін тарихи-мәдени мұра ескерткіштері және табиғи-тарихи ландшафтары Қазақстандағы жалпы ұлттық маңызы бар қасиетті нысандар болып табылады.

Қазақстанның қасиетті ескерткіштері мемлекеттік деңгейде жалпы ұлттық мағынаға ие және қазақ халқы үшін өте құнды болып келеді де азаматтық, қаһармандық ерліктерінің, бірлігінің және қайта жаңғыруының, ұлттық жадының нышаны болып табылады.

Олардың қатарына төмендегі қасиетті нысандар жатады:

– ата-бабаларымыздың мифологиялық әлем көрінісінде ерекше қадірленетін және Жер мен Су құнарлығы нысандарымен байланысты атаулары аңызға айналған Қазақстанның қайталанбас экоортасының бірегей үңгір, тау, орман, бұлақтары мен өзендері сияқты табиғат ескерткіштері;

– ежелгі адамдардың көне қоныс орындары, ежелгі мәдениет іздері қалған, петроглифтер, көне қалалар мен қала орындары, бекіністер, егіндіктер мен жайылмалы жерлер, қорықтар, арықтар мен керуен жолдары сияқты археологиялық ескерткіштер;

– арғы түріктік, жалпы түркілік тұтастық кезеңдерден бастап, Қазақ хандығы заманынан XX ғасырға дейінгі уақытта өмір сүріп, *әулие* феноменімен

байланысқан ежелгі және ортағасырлық бірегей тұлғалар туралы аңыздар қалыптасқан орындар, зиярат етілетін діни және ғибадат объектілері;

– қазақ халқының белгілі саяси және мемлекет қайраткерлері болған билер, батырлар, хандар және мемлекеттіліктің, мәдениеттің, ғылым және білімнің дамуына үлес қосқан молда, ишан, ақын, ғұламалардың, ағартушылардың есімдерімен байланысты қасиетті нысандар;

– қазақ халқының бірлігінің нышаны болып танылатын қазақ билері мен хандарының ордалары орналасқан жерлер; қазақ даласының тарихында орын алған ашаршылық сияқты қайғылы кезеңдерге байланысты, басқыншылармен соғыс болған жерлер, қазақ халқының ұлт азаттық қозғалысының орындары болып табылатын қасиетті нысандар.

## **Г5 қосымшасы**

### ***Өлкетану жұмыстарын ресурстық қамтамасыз ету***

Қазақстан Республикасында өлкетану қызметінің ресурстық қамтамасыз етілуі бойынша міндеттерді жүзеге асыру үшін:

– кіріктірілген электронды карталармен және онлайн-картографиялық сервистермен өлкетану нысандарының бірыңғай ұлттық кадастрын әзірлеу;

– жергілікті ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, кітапханалардың анықтамалық-ақпараттық қызметін ұйымдастыру (сайттар, электронды оқулықтар, кітаптар, бейнеэкскурсиялар);

– қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде және қажеттілік туындаса, мақсатты аудиторияға қажетті тілде, Қазақстанның әдет-ғұрып және мәдени орындары бойынша ақпараттық-анықтамалық материалдар, жолнұсқасын әзірлеу және басып шығару;

– туристік және экскурсия бағыттарының, экологиялық троптардың танымдық ұлттық жүйесін әзірлеу;

– Қазақстанның қасиетті мәдени-тарихи нысандар орналасқан аумақтарға «мәдени-тарихи қорықтық аймақ» (ұлттық табиғат саябақтары үлгісінде) статусын беру мәселесін қарастыру (Түркістан, Ұлытау, Көкшетау және басқалары);

– электронды бұқаралық ақпарат құралдарында тарату үшін өлкетану контентін толтыру бойынша үздіксіз қызметін қамтамасыз ету;

– Қазақстан Республикасының көптеген аудиторияларын қамту мақсатында өлкетану ақпаратын тарату үшін телеарналарда эфирге шығаратын уақыт бөлу;

– өлкетану туралы ақпарат беру мақсатында қолданыстағы оператор байланыстары үшін көпқызметті қосымшалар құру.

Өлкетану туралы білімдерін кеңейту, балалар мен ересектердің бойында патриотизмді тәрбиелеу үшін:

– білім мазмұнының жаңартылған принциптерін ескере отырып, өлкетану жұмыстарының ғылыми-әдістемелік негіздерін және оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу;

– бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу жоспарларына өлкетану контентінің басым бөлігіне тиісті өзгерістер енгізу;

– оқу үдерісіне өлкетану бағыты бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарын енгізу (оқу пәні бойынша өлкенің жалпы және өзіне тән ерекшеліктерін көрсететін жүйелі түрде таңдалған ғылыми, әдеби және көркемдік, географиялық, тарихи, этномәдени және басқа да материалдар немесе олардың көріністері, көрнекі-иллюстрациялық материалдары бар оқу-танымдық басылымдар);

– «Өлкетану» бойынша оқулықтарға электрондық қосымша әзірлеу. Оқу құралына қосымша материалдар қосу мақсатында, білім беру үдерісінің оқу құралы білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыруы мен нәтижелілігі электрондық өтінім және ақпараттық білім беру ресурстарымен бірге жүреді. Электрондық өтінімнің мазмұнына білімді бақылау функциясын жүзеге асыратын демонстрациялық материалдар (мультимедиялық кешендер, 3D демонстрациялар, аудио-видеоматериалдар, виртуалды лабораториялар мен экспедициялар практикумдар мен үлгілері) және тесттер кіреді. Электрондық өтінімде ұсынылған материалдар оқу құралының негізгі материалдарын қайталамауы тиіс;

– өлкелік білім беру интерактивті формаларын табысты ұйымдастыруда, келісілген меморандум аясында аймақтық білім беру ұйымдары жергілікті ресурстарды пайдалана алу үшін ынтымақтастық туралы жалпы жоспарлар қалыптастыру;

– білім мазмұнының жаңартылған принципі ескере отырып, оқытуда және өлкетанулық жұмыста қолдану мақсатында ғылыми-әдістемелік негізделген жалпыұлттық сипаттағы Қазақстанның өлкетануы бойынша Хрестоматия әзірлеуді және басып шығаруды ұсыну;

– білім беру ұйымдарына жергілікті жер әкімдіктерінің құрылымдарымен бірлесе отырып сабақтарды өлкетанулық қызмет нысандарында өткізуді ұсыну;

– арнайы өлкетану сайттарында, мысалы «Рухани жаңғыру» <http://ruh.kz/kz/tugan-zher> сайтында оқырмандық, аудио және видео сервистер әзірлеу, объективтілік принциптері, жүйелілік және үздіксіздікті негізге ала отырып, олардың жұмысын жүргізу;

– анимациялық және танымдық фильмдер, сондай-ақ өлкетану бойынша жергілікті контентті көбейту мақсатында жарнамалық өнімдер түсіру;

– өлкетану қызметінің субъектілеріне, жергілікті ресурстарды пайдалана отырып, онлайн сабақтарын әзірлеп, өткізу;

– өлкетану қызметінің субъектілеріне, мәдениет және өнер саласында шығармашылық музыкалық, драмалық, ақындық, бейнелеу, сәндік және, жарыстар, көрмелер, шығармашылық отырғызулар мен онкүндіктер, сайыстар, Дельфий ойындары, фестивальдар нысанында өлкетану пәндерінен басқа да арт-жобалар жасау;

– өлкетану қызметінің субъектілеріне, туризм және спорт саласында Қазақстан халқының ұлттық спорт түрлерінің жаңғыруы мен танымалдылығы

бойынша жалпыйаймақтық, облыстық және аудандық, қалалық ұлттық маңызы бар жобалар жасау;

– өлкетану қызметінің субъектілеріне, қоғамдық келісім және зайырлылықтың қалыптасуы саласында Қазақстанда зайырлылық нормасын нығайтуда мәдениетаралық қатынастарды үйлестіруге бағытталған іс-шаралар циклін әзірлеу;

– Қазақстанның ірі қалаларындағы мұражай мекемелеріне жаңа заманауи технологияларды пайдалана отырып, өлкетану туралы (мысалы, «Балапан еліне саяхат») бірыңғай ұлттық интерактивті балалар мәдени-білім беру жобасы-порталын құру:

– 3D, 5D, 7D форматы (мысалы, 3D Skin and Bones);

– медиа қабат;

– «тірі» интерактивті мультимедиялық кітаптар.

– аудио орнату (аудиогид, аудиоэтикетка-құлаққаптар);

– бейнежазбалар, голографиялық терезелер;

– мультитач (Multitouch);

– VR мобильді дулыға;

– сенсорлы киосктер;

– республикалық және аймақтық өлкетану қоғамдық, балалар мен жастар қозғалысы экспедиция, жасақтар, слеттер (мысалы, «Атамекен» республикалық туристік-өлкетанулық экспедициясы, Республикалық оқушылар мен жастар туристік экспедициясы «Менің Отаным – Қазақстан» («Менің Отаным – Қазақстан») және тағы басқа.

## **Г6 қосымшасы**

### ***Өлкетану ілімінің қоғамда танылуы мен насихатталуы***

Өлкетанудың танылуы төмендегілер арқылы жүзеге асады:

– негізгі орта білім беру, ТжКББ, жоғары оқу орындарына арналған кіріктірілген оқу бағдарламаларын әзірлеу;

– бірегей табиғи кешендер, тарих және мәдениет ескерткіштерін қоса алғанда, өлкетану қызметінде жергілікті субъекттер мен объекттер мүмкіндіктерін пайдалану;

– өлкетану қызметінде тікелей жүзеге асырылмайтын физикалық және заңды тұлғалардың байланысты ұйымдарын тарту;

– «География» ғылымы туралы ілімді және көп шоғырланған тұрғындар арасында табиғат, қоғам, мәдениет туралы байланысты ғылымдарды кеңінен тарату;

– Қазақстан Республикасында эко-туризмді дамыту;

– өлкетану қызметін жандандыру (экскурсиялар, экспедициялар, сапарлар, туристік маршруттар, көрмелерге бару т. б.).

Бұл, өлкені зерттеу барысында жүйелеу, өлкетану ілімін насихаттауға және Қазақстан тұрғындарының азаматтық санасының қалыптасуына өз үлесін қосуға септігін тигізеді.

Өлкетанудың күрделі ұйымдастырушылық және әдістемелік тапсырмалары жоғары білікті педагог мамандар, нұсқаушылар, әдіскерлер мен

басқа да өлкетану саласына тартылатын мамандар арқылы шешіліп отырады. Осыған байланысты, республиканың жоғары оқу орындарында факультеттер немесе тиісті кадрларды даярлайтын мамандықтар ашу қажет.

Өлкетану жұмысында табысты тәжірибені насихаттау мақсатында кітапхана қызметінің барлық формалары түрлері мен әдістері пайдаланылады (көрмелер, ауызша журналдар, оқырман пікірлері, кешкі пікірталастар және т. б.). Өлкетану тарихын насихаттау жұмыстарын ұйымдастыруда халыққа кітапханалық қызмет көрсетудің барлық артықшылықтары іске асырылады. Кітапханалар көрмелер ұйымдастыру жұмыстарында оның қатысушыларын біріктіретін, өз өлкесі туралы және өлкетану әдебиетін насихаттау, туған қаласы мен аудандары туралы мақалалар жинау, баспа қызметі арқылы өлкетану ресурстарын жүзеге асыру, өлкетану әдебиеті фондын қалыптастыруда іздеу және зерттеу қызметі қызметінің орталығы болып табылады.

Тарихи-өлкетанулық және туристік-өлкетанулық қызмет – меншікті тарихи және географиялық білімді кеңейту жолындағы шынайы мүмкіндік. Туристік-өлкетанулық жұмыстардың басты бағыттары:

- ғылыми-ізденіс (жинақтау, талдау, жіктеу, каталогтау);
- білім беру қызметі (оқыту, тренингтер және басқалар);
- мәдени-сауықтыру іс-шаралары;
- ақпараттық білім беру қызметі.

Туристік-өлкетанулық және экологиялық қызмет, қызметтің әртүрлі үлгідегі барлық болуы ықтимал түрлерін: танымдық, еңбек, спорттық, зерттеу, оқу-кәсіптік, ойын, коммуникативтік сонымен қатар, туған жерінің бай мәдени мұраларын, ескерткіштерін, құжаттық материалдарын сақтау, зерттеу және насихаттауды қамтитын болғандықтан, кеңінен кіріктірілуімен ерекшеленеді.

Оның құрамына келесілер кіреді:

– «Балалардың туған өлкесі туралы суреттері мен қолдан жасалған бұйымдары», «Оқушылар мен студенттердің ғылыми жобалары», «Туған өлке туралы жыл кітабы», «Этнографиялық зерттеу және хат» және тағы да басқа конкурстар ұйымдастыру;

– бұқараттық ақпарат құралдары арқылы отандық және шетелдік өлкетанушылардың артықшылықтарын насихаттау; семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырып өткізу;

– азаматтарды өлке тарихымен таныстыру мақсатында жүргізілетін көрмелер, лекциялар, тематикалық және әдебиеттік кештер, өлкетану үйірмелері, конференциялар, оқу, фестивальдар, конкурстар, экспедициялар.

**Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары туралы оқуға ұсынылатын әдебиеттер**

Р/с	Өңірлік қасиетті нысандар	Оқуға ұсынылатын әдебиеттер мен мақалалар (авторы, атауы)
<i>Астана қаласы</i>		
1	Күйгенжар мекені – Өз Тәуке ханның ордасы	Артықбаев Ж. Өз Тәуке ханның Күйгенжардағы ордасы // «Астана ақшамы», 29.11.2017.
2	Бұрынғы мұсылман мектебі.	
3	Мұсылман жастарына арналған Баймұхамбет Қосшығұловтың мектебі	Дубицкий А.Ф. Где течет Ишим. – Алма-Ата: Казахстан, 1962.
4	Константин-Елена шіркеуі	Дубицкий А.Ф. Пройдемся по улицам Целинограда. – Целиноград, 1990.
5	«Жасыл» мешіт қоршауы	Кабульдинов З.Е. История Астаны. – Алматы, 2007.
6	Қалалық басқарма ғимараты (М.Горький атындағы орыс драма театрының әкімшілік ғимараты	Маргулан А.Х., Акишев К.А., Оразбаев А.М., Кадырбаев М.К. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1996.
7	Көпес Матвей Кубриннің үйі	
<i>Алматы қаласы</i>		
1	Медеу шатқалы	Қойгелдиев М. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы, 1993. Алматы тарихы / И.Н.Тасмағамбетов, К.М. Байпақов, М.Қ. Әбусейтова, А.К. Ақышев, Н.А. Атығаев, Е.К. Әуезов, Е.Ж. Уәлиханов, А.А. Ғалиев, А.А. Горячев, А.М. Камышев. – Алматы: Толағай, 2006. Шойбеков Ү. Жұт. – Алматы: Жалын. 1990. <a href="https://alashainasy.kz/society/medeu-pusyirmanulyinyin-esm-el-esnde-106202/">https://alashainasy.kz/society/medeu-pusyirmanulyinyin-esm-el-esnde-106202/</a> Думан Анаш. Алматы, Медеу бай һәм оның ұрпақтары // «Алматы ақшамы», №129, 25-қазан, 2012 ж.
2	Көктөбе	
3	Шымбұлақ	
4	Верный бөбектер үйінің ғимараты (қазіргі Алматы музейі)	
5	1931-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш	
6	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ғимараты	
7	Орталық және Кенсай зираты – көрнекті қоғам қайраткерлері мен танымал тұлғалар жерленген жер	
8	Кеңсай зираты	
9	Мұхтар Әуезовтың музей-үйі	
10	Дінмұхамед Қонаевтың музей-үйі	
<i>Ақмола облысы</i>		
1	Бөгенбай батырдың атымен байланысты кешен «жерленген жері, стелласы, тарихи музейі	Алпысбес М. Әздембай сал. Бұқар жырау. Энциклопедия. – Алматы, 2013. Бағысов Б. Монтай батырдың жетінші ұрпағы Тоғай және Айдос Әбутәліповтің жазған деректері. Байбосын С. Ерейментау. 1-том. – Астана: Фолиант, 2009. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. Бектұров Ж. Енеден ерте айрылған төл секілді. – Алматы: Қазақстан. 2002. Бөкешев М. Дала мен қала ескерткіштері. –
2	Үмбетей жырау жерленген жер	
3	Сакқұлақ би кесенесі	
4	Абылай ханның Қызыл ағашы	
5	Уәли хан кесенесі	
6	Қаныкей мазары	
7	Әліптомар қажы мазары	
8	Ақ Еділ қажы мазары	
9	Біржан сал кешені	
10	Балуан Шолақ кешені	

11	Иманжүсіп Құтпанұлына орнатылған белгі	Астана: Дәме, 2017.
12	Батыр Киікбай Байғараұлы жерленген жер	Жансүгіров І. Құлагер. Поэмалар мен өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1994.
13	Бөгенбай би кесенесі	Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – Алматы: Жалын, 1992.
14	Батыр Қосағалы Төлекұлы кесенесі	Құтпанов И. Ай, заман-ай, заман-ай... бес ғасыр жырлайды. 2-т. – Алматы, 1991.
15	Бектемір сопы кесенесі	Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу: тарихи-мемуарлық роман. 4-басылым. – Алматы: Жазушы, 1977.
16	Паң Нұрмағанбет кесенесі	Қажыбаев Т. Қазыналы қарттарым // «Көкшетау» газеті, 13.01.1994.
17	Қызылтам (Ахмет) кесенесі	Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
18	Балқадиша жерленген жер	Жубанов А. Соловей столетий: Очерки о народных композиторах и певцах. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002.
19	Ақансерінің ғашығы Ақтоты жерленген жер	Ақмола. Энциклопедия. – А.: Атамұра, 1995. – 400 б.
20	Дүйсен би жерленген жер	Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1987.
21	Монтай батыр жерленген жер	Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – А.: Жазушы, 1985. – 367 б.
22	Асат би Алпысұлы жерленген жер	Мұқанов С. Халық мұрасы (таризтық және этнографиялық шолу). А.: Қазақстан, 1974. – 235 б.
23	Қылышбай әулие жерленген жер	
24	«Қос бейіт» кесенесі	
25	Қазы батыр жерленген жер	
26	Өрес ханым жерленген жер	
27	Қалақ батыр жерленген жер	
28	Тіржан қажы жерленген жер	
29	«Айдаһар үңгірі» тауы	
30	Әздембай сал Көтербайұлы жерленген жер	
31	Мария Жагорқызы жерленген жер	
32	Нияз би кесенесі	
33	Едіге би Төлебайұлы мазары	
<b>Алматы облысы</b>		
1	Қора шатқалы	Алшабаев Ә. Ата қонысым – құт мекенім. – Талдықорған: Офсет, 2002.
2	Жаманты (Арасан) бұлағы	Андас Қ. Жерұйық менек. Алматы облысының мәдениеті мен өнері. – Алматы: Таймс, 2014.
3	Тұздықкөл көлі (Рай апа)	Ахмет Ә., Қабышева У. Базарбай Мәметов – Алашорда министрі. – Алматы: Самара-Принт, 2013.
4	Шыңғысханның тұрағы	Ахмет Ә. Уәйіс. – Талдықорған: Офсет. 2007.
5	Ешкіөлмес петроглифтері	Ахметов Ә., Жансегіров Т., Мейірбеков М. тыңда, тарих, бізді. – Алматы: Самара-Принт, 2013.
6	«Бесшатыр» қорымы	Әлдібаев Н. Айтыстың алдаспаны – ақын Сара // «Егемен Қазақстан» газеті. 02.03.2017.
7	Талғар қалашығы	Әлдібаев Н. Асыл туған нәсілдің үлгі тұтар ісі бар // «Егемен Қазақстан» газеті. 17.10. 2015.
8	Қарамерген қалашығы	Байжұманова З. Киелі, қасиетті «Найзатапқан» // «Парасат», №11, 2015.
9	Әулиеағаш	Бегалин С. Жамбыл. Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996.
10	Найзатапқан бұлағы	Бейсенбекұлы Д. Кереметі көп киелі ағаш // on.kz. 08.08.2011.
11	Көтен әулие кесенесі	Бектемірова Н. Көгілдір Көксу – атамекенім //
12	Түктібай әулие кесенесі	
13	Құлжабай әулие Тайсарыұлы мазары	
14	Смағұл қажы жерленген жер	
15	Үлпілдек Дарабоз ана жерленген жер	
16	Қарымбай әулие кесенесі	
17	Әбіш ата мен Әлжан ана кесенесі	
18	Байтулақ батыр кесенесі	
19	Ескелді би кесенесі	
20	Балпық би кесенесі	
21	Жолбарыс батыр кесенесі	

22	Айту би кесенесі	«Қазақстан-заман» газеті, 22.08. 2017.
23	Мықтыбек батыр кесенесі	Биболов С. Ескелді би – даналақтың дариясы //
24	Тәнеке батыр жерленген жер	«Қазақстан-заман» газеті, 30.08.2017.
25	Әлмерек баба кесенесі	Дарабоз ана. Қазақ тарихындағы әйелдер //
26	Есім Төре кесенесі	bilimdiler.kz/
27	Сарыбай би жерленген жер	Достоевскиймен еркін сөйлескен Тезек төре //
28	Қараш би кесенесі	«Қазақ әдебиеті» газеті, 06.11.2015.
29	Қоғыл әулие, «Сөк төре» кесенелері	Зиялыларды баптаған Мамания мектебі //
30	Батыр Бөлек Тасыбайұлы кесенесі	baq.kz, 03.02.2012.
31	Жәлменде би Байшығаұлы жерленген жер	Қараман Қ. Қаратал – әулие, би, батырлар мекені. – Алматы: Таймас, 2014.
32	Ақын Сүйінбайұлы Аронұлы кесенесі	Мұхаметшин С. Туған елім – тұғырым. – Алматы: Арсы, 2006.
33	Ақын Бақтыбай Жолбарысұлы жерленген жер	Тауасарұлы Қ. Түп тұқияңнан өзіме шейін. – Алматы: Жалын, 1993.
34	Тезек Төре қонысы	Юсупов Ғ. Қарымбай әулиенің қасиеті өзенді теріс ағызумен шектелмейді // Alashainasy.kz.
35	Ақын Сара кесенесі	24.12.2015.
36	Мамания мектебі	
37	Орыс православиелік шіркеуі	
38	Алаш зиялысы барлыбек Сыртанов жерленген жер	
39	Алаш зиялысы Базарбай Мәметов кесенесі	
<b>Ақтөбе облысы</b>		
1	Бекқұл би кесенесі	Құлтаев Б. Бекқұл баба бүгінгі ұрпақ жадында // «Ақтөбе» газеті, 2011.
2	1930-1950жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарына орнатылған «Түйетөбедегі» ескерткіш	Төреханов Т. Қанмен жазылған тағдырлар. – Алматы. 1999.
3	Шәкен ишан мешіті	Төреханов Т. Кісенделген дала. – Алматы, 2003.
4	Былшық би кесенесі	Былшық би билігі // «Ақтөбе» газеті, 2015.
5	Асан қожа әулие жерленген жер	Абдолла хазірет және Көк мешіт // «Ақтөбе» газеті, 2011.
6	Абдолла хазіреттің Көк мешіті	Абдолла хазіреттің Көк мешіті // «Алтын орда» газеті, 2005.
7	Батыр Бақтыбай Төлесұлы кесенесі	Әлдібаев О. Ұран Бақтыбай. – Шалқар, 2015.
8	Дәуімшар батыр жерленген жер	Самашев З., Оңғар А., Қиясбек Ғ. Қызылүйік археологиялық аймағындағы зерттеулердің қысқаша есебі. – Алматы, 2009.
9	Қазалүйік ғибадатханасы	Самашев З., Оңғар А., Қиясбек Ғ., Оралбай Е. Қызылүйік ғибадатханасы. – Алматы, 2011.
10	Сүндет кесенесі	Бисен хазірет // «Ана тілі» газеті, 2002.
11	Қызылтам мазары	Бисен хазіреттен қалған жазба // «Ақтөбе» газеті, 2014.
12	Нұрпейіс хазірет мешіті	Алмат сардар және оның ұрпақтары // «Ақтөбе» газеті, 2012.
13	Бисен хазірет мешіті	Әжіғали С. Ескерткіш – ел тарихы. – Ақтөбе, 1992.
14	Батыр Дербісәлі Қиғылықұлы кесенесі	Бактыгерейұлы С. Ойыл. – Ақтөбе, 2009.
15	Батыр Көтібар Бәсенұлы кесенесі	Жәрмеңкесі Ойылдың аз ғана күн... // «Ақтөбе»
16	Жәлімбет батыр кесенесі	
17	Қарағұл би кесенесі	
18	Көк мешіт	
19	Төлеубұлақ петроглифтері	
20	Керуен сарай	
21	Ойыл мешіті	
22	Ботакөз батыр мешіті	
23	Темір мешіті	



24	Мәулімберді әулие мешіті	газеті, 2017.
25	Айдарлыаша геологиялық қимасы	Ілиясова Р. Арулар – аналар, даналар. – Алматы, 2003.
